- 6 Таштанова Н.Н. «НИОКР как объект учета в инновационной деятельности», Сборник материалов IV международной научно-практической конференции «Экономико-правовые аспекты сотрудничества государств – участников Евразийского экономического союза». Представительство АО «Центр международных программ» в РФ совместно с Финансовым университетом при Правительстве Российской Федерации, г. Москва, 2015г. с.305-309



ҰЙЫМДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ІЗДЕНІСТІК ТӘЖІРИБЕЛІК-ҚАҢҚАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЕСЕБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.К. Ержанов¹, Н.Н. Таишанова², Б.О. Турбекова³

¹ Алматы экономика және статистика академиясы, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: erzhanov_a@mail.ru

^{2,3} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

e-mail: nurilyat@mail.ru

Түйін. Қазіргі кезеңде шаруашылық жүргізуде инновациялық қызмет экономиканың дамуының басты факторлардың бірі болып табылады. Атап өту қажет, қазір инновациялық қызметтердің есебі аз қарастырылған, тіптен айқындалмаған, нәтижесінде бухгалтерлердің жұмысында едәуір қиындықтар туындаған. Аталмыш себептер бұл тақырыпқа деген қызығушылық тудырып оны айқындауды қажет етіп отыр. Инновациялық қызметтің есеп нысандары ретінде бір тұтынушының жеке тапсырысымен орындалатын ерекше инновациялық тауарлар (мәселен, мердігерлік келісім негізіндегі ғылыми-ізденіс және тәжірибелік-қаңқалық ұсынымдар); интеллектуальдық меншік нысандары; франчайзинг келісіміндегі идеялар және басқалар.

Бұл мақалада инновациялық қызметтердегі ғылыми-ізденіс және тәжірибелік-қаңқалық ұсынымдарды айқындау мәселелеріне баса назар аударылған. №38 «Материалдық емес активтер» ҚЕХС-не сәйкес ғылыми-ізденіс және тәжірибелік-қаңқалық жұмыстар актив болып есептелініп материалдық емес активтер санатына жатқызылады. Әйтсе де, ұйымдар ішінде қалыптасқан ғылыми-ізденіс және тәжірибелік-қаңқалық жұмыстарды бағалау және оларды мойындау кезінде едәуір қиыншылықтар туындайды. Авторлар мақалада сол материалдық емес активтер шығындарын өзіндік құнда капитализациялау және оларды болашақтағы шығындар есебінен шегеру сұрақтарын қарастырған.

Түйінді сөздер: инновация, инновациялық қызмет, материалдық емес активтер, ғылыми-ізденіс және тәжірибелік-қаңқалық ұсынымдар, шығындар, ізденіс кезеңдері, ұсынымдар кезеңі, бухгалтерлік есеп.

ОСОБЕННОСТИ УЧЕТА НИОКР В ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ

А.К. Ержанов¹, Н.Н. Таишанова², Б.О. Турбекова³

¹ Алматинская академия экономики и статистики, Алматы, Казахстан

e-mail: erzhanov_a@mail.ru

^{2,3} Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

e-mail: nurilyat@mail.ru

Резюме. В современных условиях хозяйствования инновационная деятельность является одним из основных факторов развития экономики. Следует отметить, что в настоящее время организация учета инновационной деятельности мало изучены и практически не раскрыты, что затрудняет труд работников бухгалтерии. Вышеизложенное побудило интерес к данной теме и зародила мысль раскрытия данного вопроса. В инновационной деятельности объектами учета могут выступать оригинальные инновационные товары, которые разрабатывается под индивидуальный заказ одного покупателя (например, по договору подряда на научно-исследовательские и опытно-конструкторские разработки); объекты интеллектуальной собственности; бизнес – идеи по договорам франчайзинга и другие.

В данной статье особое внимание уделяется вопросу раскрытия учета научно-исследовательской и опытно-конструкторской разработке (НИОКР) в инновационной деятельности. Согласно МСФО 38 «Нематериальные активы» НИОКР выступают как активы и относятся к нематериальным активам. Но в то же время, оценка и признание, созданных внутри организации НИОКР, приводит к различным сложностям. Автором в статье рассмотрены вопросы капитализации затрат в себестоимость нематериальных активов и случаев списания затрат на расходы периода.

Ключевые слова: инновация, инновационная деятельность, нематериальные активы, научно-исследовательская и опытно-конструкторская разработка, затраты, фаза исследования, фаза разработки, бухгалтерский учет.



МРНТИ 06.35.31
УДК 657.6

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Б.А.Алибекова^{*1}, Б.Ж.Акимова², А.М.Ахметова³*
^{1,2,3}Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: alibekova_ba@enu.kz

***Аңдатпа.** Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті бюджетті жоспарлау мен атқарудың тиімділігіне бақылау жүргізу кез келген мемлекет үшін өзекті болып табылады. Сондықтан да облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары қызметінің ерекшеліктерін қарастыру маңызды. Осыған орай, мақалада Қазақстан Республикасындағы тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік аудиттің тәуелсіз органы ретінде қалыптасу тарихы мен мемлекеттік аудит органдар жүйесіндегі қазіргі жағдайы зерттеліп қарастырылған. Мақаланың мақсаты – жергілікті бюджеттің атқарылуына мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын тексеру комиссияларының қалыптасу үрдістерін, қызмет ерекшеліктері мен қазіргі жағдайын зерделеу. Авторлармен динамикада тексеру комиссияларының негізгі құзіреттіліктері зерттеліп, олардың шектелуінің негізгі себептері ашып көрсетілген, соңғы жылдардағы анықталған бұзушылықтар көлеміне талдау жүргізілген.*

***Түйінді сөздер:** тексеру комиссиясы, мемлекеттік аудит, сыртқы мемлекеттік аудит, тиімділік аудиті, сәйкестік аудиті, қаржылық есептілік аудиті.*

Кіріспе. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жыл 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында салық-бюджет саясатын жаңа экономикалық жағдайға бейімдеу міндетін шешу үшін, біріншіден бюджет шығыстарының тиімділігін түбегейлі арттыру қажет деген болатын [1]. Ал бюджет шығыстарының тиімді жұмсалыуына бақылауды мемлекеттік аудит органдары жүзеге асырады. Оның ішінде, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқарудың тиімділік, сәйкестік және қаржылық есептілік аудитін жүргізетін тексеру комиссиясы қызметінің ерекшеліктері мен қазіргі жағдайын қарастыру өзекті болып табылады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы таным әдістері, оның ішінде жүйелік талдау және синтез, теориялық жалпылау, ғылыми абстракция, экономикалық-статистикалық әдістер қолданылды.

Талқылау мен нәтижелер. Мемлекеттік аудит жүйесінің негізгі элементтерінің бірі – мемлекеттік аудит органдарының жүйесі. Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес сыртқы мемлекеттік аудит органдарының жүйесін республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары құрайды [2]. Бұл органдардың тиімді жұмыс жасауы мемлекеттің қаржы-экономикалық, әлеуметтік тұрақтылығын, экономикалық қауіпсіздігін ғана емес, халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуші маңызды факторлардың бірі. Қазіргі таңда еліміздегі мемлекеттік аудит жүйесі әлі де қалыптасу үстінде. Оған айғақ ретінде бір-екі мысал келтірейік. Мысалы, белгілі ғалым Зейнельгабин А.Б. қазіргі уақытта экономикалық зерттеулер мен журнал мақалаларында көп жағдайларда «мемлекеттік аудит жүйесі» мен «мемлекеттік аудит органдарының жүйесі» түсініктері бара бар түсініктер ретінде қарастырылатынына назар аударған [3]. Қари А.М. әлі күнге дейін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жұмысында жүйеліліктің жоқтығы мен олардың қызметінде қайталану элементтерінің сақталуын атап өте келе, оның тұжырымдамалық түрде, қаржылық ресурстарды басқару үрдісіндегі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының рөлі нақты анықталмағандығынан туындайтынын көрсеткен [4]. Мұның бәрі мемлекеттік аудит органдарының өткен тарихы мен тәжірибесін мұқият зерделеуді және оларды жұмысын жетілдіруде пайдалануды талап етеді.

ҚР Бюджет кодексіне сәйкес облыстық, аудандық, республикалық маңызы бар қала, астана, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері жергілікті бюджеттерге жатады [5]. Ал осы жергілікті бюджеттің атқарылуына мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік аудит органы ретінде құрылуы бірнеше кезеңдерді қамтиды.



Тексеру комиссиялары алғаш рет ҚР тәуелсіздігін алғаннан соң 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «ҚР жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңына сәйкес Мәслихат-Депутаттар жиналысының тексеру комиссиясы ретінде құрылды [6]. Осы Заң бойынша Мәслихат-Депутаттар жиналысы тексеру комиссиясын жергілікті бюджетке бақылау жасау мақсатында сайлады. Тексеру комиссиясы төрағасын Мәслихат-Депутаттар жиналысының арасынан сайлаған болса, комиссияның мүшелері ретінде депутат болып табылмайтын тұлғалар да жиналыстың белгілеуі бойынша қатыса алды. Бұл уақытта тексеріс жылына кемінде бір рет, сонымен қатар, Мәслихат-Депутаттар жиналысының депутаттарының кемінде 1/3-нің талап етуі бойынша да жүргізіле алды. Осылайша, алғашқы рет жергілікті деңгейдегі тексеру комиссияларының өкілеттіктері бекітілген болатын.

Сыртқы және ішкі бақылау жүргізетін органдардың функциялары мен уәкілеттіктерін ажырату мақсатында 2002 жылдың 29 қаңтарында «Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы» ҚР Заңы қабылданды [7]. Осы Заңға сәйкес жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды мәслихаттың тексеру комиссиялары, сонымен қатар ҚР Қаржы министрлігін Қаржылық бақылау комитетінің аумақтық органдары жүргізді. Ал қаржыны басқарудың облыстық тексеру бөлімдері жергілікті бюджет атқарылуына ішкі бақылауды жүзеге асырды. Мәслихаттардың тексеру комиссиялары сыртқы бақылаумен қатар, ішкі бақылауды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды да әзірлеумен айналысты. Бұл жергілікті бюджет атқарылуына бақылау жүргізуде қосарланушылыққа әкелді. Сонымен қатар, мәслихаттардың тексеру комиссияларының тікелей бақылау іс-шараларын жүзеге асыратын аппаратының жоқтығына, тексеру жұмыстарының қорытындылары бойынша қабылдаған құжаттардың мәртебесінің анықталмауына және т.б. себептерге байланысты жергілікті бюджет атқарылуына толыққанды сыртқы бақылауды жүзеге асыра алмады. Сондықтан да, 2004 жылдың 24 сәуіріндегі Бюджет кодексі қабылданғаннан соң қаржыны басқарудың облыстық тексеру бөлімдері таратылды [8].


Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің бұрынғы төрағасы Өксікбаев О.Н. айтуынша, 2011 жылға дейін жұмыс жасаған мәслихаттардың тексеру комиссияларының құзіреттіліктері бірнеше себептерге байланысты шектелген болатын [9]. Біріншіден, мәслихат аппаратының құрамында ғана болғандықтан тексеру комиссиялары сыртқы қаржылық бақылаудың толыққанды органдары болып табылмады. Бұл ретте, тексеру комиссиясының төрағасы тек депутаттар ішінен сайланып, жергілікті бюджетті қалыптастыруға және бекітуге қатысатын, сонымен қатар, бақылау органының басшысы ретінде бюджеттің атқарылуы туралы қорытынды дайындайтын. Мұндай шарттар жергілікті бюджеттің атқарылуының толықтығын, тиімділігін сапалы бақылауға және объективті бағалауына кері әсерін тигізді.

Екіншіден, жергілікті жердегі сыртқы бақылау органдарының қызметін жүзеге асыру тәртібі мен ұйымдастырылуын реттейтін нақты нормативтік-құқықтық база болмады. Осының әсерінен, тексеру комиссиялары жоспарлау, бақылау іс-шараларын жүргізу мен олардың қорытындысы бойынша есептерді құруда әртүрлі тәсілдерді пайдаланды, бұл өз кезегінде тексеру комиссияларының нәтижелілігін төмендетті.

Үшіншіден, мәслихаттардың тексеру комиссияларының қызметкерлер саны жергілікті бюджеттің үлкен бөлігіне бақылау жасауға мүмкіндік бермеді. Көптеген аймақтардағы тексеру комиссиялары тек бірнеше қызметкерден ғана құралды. Сондай-ақ тартылған мамандардың көп бөлігі қаржылық бақылау жүргізу үшін жеткілікті біліктілікке, білім мен кәсіби дағдыларға ие болмады.

Жағдай Елбасының 2011 жылдың 2 мамырында «Өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы» №67 Жарлыққа қол қоюымен байланысты түбегейлі өзгерді [10]. Осы Жарлыққа сәйкес елімізде құрамына тексеру комиссиясының төрағасы мен төрт мүшесі енетін, штат санының лимиті бекітілген дербес мемлекеттік мекемелер – тексеру комиссиялары құрылды.

ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңының қабылдануымен байланысты тексеру комиссияларының рөлі айтарлықтай күшейе түсіп, оларға жүктелген функциялар шеңбері мүлдем жаңа қызмет бағыттарымен толықты. Тексеру комиссиялары жергілікті бюджеттердің атқарылуына қарасты сұрақтармен шектелмей, мемлекеттік аудиттің барлық типтеріне және өзгеде жүктелген міндеттерге қатысты жұмыстарды атқарады. Мысалы, отандық зерттеушілер олардың тек тиімділік аудитін 12 бағыт, сәйкестік аудитін 5 бағыт бойынша жүзеге асыратындығын атап өткен [11]. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңынан туындайтын тексеру комиссияларының қызмет бағыттары мен құзіреттіліктері 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Тексеру комиссияларының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі қызмет бағыттары мен құзыреттіліктері

Ескерту. [2] әдебиет көзіне сүйене отырып авторлармен құрастырылған

Тексеру комиссиялары қызметіндегі маңызды жаңа бағыттардың бірі 2020 жылдан бастап жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу болып табылады [2].

Тексеру комиссияларының мақсаты тиісті облыстар, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында қаржылық тәртіпті нығайту және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджет қаражаттарын, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқару және пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта жергілікті бюджет көптеген мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру көзі, ал өз кезегінде тексеру комиссияларының жұмысын дұрыс және тиімді ұйымдастыру бюджет қаражатының игерілуіне ықпалын тигізетін бірден-бір фактор болады.

Тексеру комиссиялары өз қызметін ҚР Конституциясына [12], ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңына [2], ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет кодексіне [13], 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне, ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңына, «Мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Заңына, ҚР Президентінің және Үкіметінің актілеріне, ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы Үлгілік ережені бекіту туралы» Есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 11-НҚ нормативтік қаулысына [14] сәйкес құрылған тексеру комиссиясының Ережесіне, сондай-ақ тексеру комиссиясының Регламентіне сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жүзеге асырады. Ереже тексеру комиссиясының құрылтай құжаты болып табылады және оны тиісті мәслихат бекітеді.


Тексеру комиссияларының қызметі жоспарлау кезеңінен бастап аудит нәтижелерін шығаруға және олар қабылдаған шешімдердің орындалуын мониторингілеуге дейін жүйелендірілген. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жүзеге асыру Есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 17-НҚ нормативтік қаулысымен [15], 2016 жылғы 31 наурыздағы «Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы» № 5-НҚ қаулысымен [16], жоспарлау кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесімен және т.б. реттеледі.

Тексеру комиссиялары есепті кезеңдегі өз жұмысы туралы ақпаратты тоқсан сайын ұсыну, қатарлас (бірлескен) тексерулер жүргізу арқылы Есеп комитетімен; жыл сайынғы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсыну арқылы тиісті әкімшілік аумақтық бірліктер мәслихаттарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Сонымен қатар, тексеру комиссияларымен құқық қорғау органдарымен, прокуратура органдарымен және әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғауға уәкілетті органдармен өзара әрекеттестік жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылы өңірлерде тексеру комиссияларының құрылғанына 7 жыл толды. Жұмыс істеген қысқа мерзім ішінде олар сыртқы мемлекеттік аудиттің толыққанды, әрі тәуелсіз органдары



болып қалыптасты және олардың қызметінің нәтижелігін Есеп комитетінің қорытындыларынан көре аламыз. Оларға сәйкес, тексеру комиссияларының қызметі бойынша 2017 жылы аудитпен қамтылған қаражат көлемі 2 510,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 714,1 млрд. теңгеге, яғни 39,8%-ға артық. Анықтаған бұзушылықтардың жалпы сомасы 584,8 млрд. теңгеден асты, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 228,7 млрд. теңгені (39,1%) құрады [17]. Ал төмендегі 2-суретте еліміздегі тексеру комиссиялары 2016 жылы анықтаған бұзушылықтар түрлері мен көлемі көрсетілген.



Сурет 2. 2016 жылы тексеру комиссиялары анықтаған бұзушылықтарының көлемі, млн. тг. Ескерту. [17] әдебиет көзіне сүйене отырып авторлармен құрастырылған

Яғни, 2-суретке сәйкес бұзушылықтардың ең көп көлемін келесідей тексеру комиссиялары анықтаған: Астана қаласы бойынша 188,3 млрд.теңге, Оңтүстік Қазақстан облысы – 83,5 млрд. теңге, Алматы қаласы – 70,8 млрд. теңге және Шығыс Қазақстан облысы – 65,8 млрд.теңге.

Тексеру комиссиялары аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша аудит объектілеріне 215,2 млрд. теңгені қалпына келтіруді және өтеуді ұсынды, бұл 2015 жылға қарағанда 3,1 млрд. теңгеге (1,5%-ға) артық. Ал қалпына келтіруге ұсынылған қаражаттың ішінен орындау мерзімі келгендері бойынша 81,9 млрд. теңгесі, немесе 64,9%-ы қалпына келтірілді, соның ішінде ақшалай нысанда бюджетке 1,7 млрд. теңге өтеліп, есеп бойынша 80,3 млрд. теңге қалпына келтірілген.

Қазіргі уақытта тексеру комиссияларының қызметі мемлекеттік аудит жүйесін дамыту кезеңінде жүзеге асырылуда. Тексеру комиссияларының қызметшілері заңнаманың серпінді өзгеріп отыруы жағдайында өздерінің дайындық деңгейін тұрақты арттыруды және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруды қажет етеді. Сондықтан да, барлық мемлекеттік аудиторларды дайындау және сертификаттау жөніндегі жұмыс жүргізілді. Ал басқарушылық процестерді оңтайландыру үшін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік аудит органдарының бірыңғай біріктірілген ақпараттық жүйесі қалыптастырылуда және Есеп комитеті тарапынан әдіснамалық үйлестіру күшейтіліп, құқықтық база жетілдірілуде.

Қорытынды. Осы жұмыстың шеңберінде жүргізілген теориялық зерттеулерге, тексеру комиссияларының қалыптасу үрдісіне, жалпы мемлекеттік аудиттің даму тенденцияларына негізделі отырып, бүгінгі таңда тексеру комиссиялары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесінің толыққанды құрамдас бөлігі болып табылатындығы жөнінде қорытынды жасауға болады. Елімізде олардың тиімді қызмет атқаруы үшін тиісті өзгерістер жүзеге асырылып, тиісті заңнамалық, әдістемелік база құрылған. Сонымен қатар, тексеру комиссияларының қалыптасу тарихы мен тәжірибесі қойылатын мақсаттар мен міндеттердің өзгеруіне байланысты оларды таратуға және жаңадан құрылымдауға болатынын көрсетті. Сондықтан, аталған өзгерістер мемлекеттік аудиттің тиімді жүйесін құрудың тек кезекті сатысы болып табылатындығын көрсетеді және тексеру комиссияларының қызметін ең үздік әлемдік стандарттарға сәйкестендіру үшін алда әлі көптеген жұмыстар жүргізу қажет екендігін болжамдауға мүмкіндік береді.



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы – http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar

2 ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

3 Зейнельгабдин А.Б. Республикамыздағы мемлекеттік аудитті енгізудің теориялық және практикалық мәселелері// Мемлекеттік аудит – 2015, арнайы шығарылым, 36-42 б

4 Кари А.М. Анализ процесса формирования системы государственного аудита в Казахстане на современном этапе// Мемлекеттік аудит – 2017, №2, 34-39 б

5 ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексі – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>

6 ҚР «ҚР жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы № 4100 Заңы – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100_links

7 ҚР «Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы» 2002 жылғы 29 қаңтардағы № 286-II заңы – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000286_links

8 ҚР Бюджет кодексі 2004 жылғы 24 сәуірдегі № 548 Кодексі – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040000548_history

9 Омархан Оксикбаев. Финансовый контроль в регионах: новый виток развития // Бюллетень Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета. – IV квартал 2011 года, № 30, 46-49 б

10 ҚР Президентінің «Өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы» 2011 жылғы 2 мамырдағы № 67 Жарлығы – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000067>

11 Мемлекеттік аудит: Оқулық/ Алибекова Б.А., Зейнельгабдин А.Б., Мақыш С.Б., Мұхаметкәрім А.М., Нөгербеков С.Н., Нурхалиева Д.М., Туребекова Б.О., Қарыбаев А.А.-К./Жаңбыршин К.Е. редакциясымен. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018 – 298 б.

12 ҚР Конституциясы – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

13 ҚР Бюджет кодексі 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV кодексі – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>

14 «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы Үлгілік ережені бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 11-НҚ нормативтік қаулысы – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012514>

15 Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 17-НҚ нормативтік қаулысы – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012557>

16 Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы «Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы» № 5-НҚ қаулысы – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013647>

17 Есеп комитетінің ресми сайты – <http://esep.kz/kaz/show1/article/148>

ФОРМИРОВАНИЕ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ РЕВИЗИОННЫХ КОМИССИЙ В СИСТЕМЕ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

*Б.А.Алибекова^{*1}, Б.Ж.Акимова², А.М.Ахметова³*

*^{1,2,3} Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева,
г. Астана, Казахстан*

e-mail: alibekova_ba@enu.kz

Резюме. Контроль эффективности планирования и исполнения местного бюджета в пределах административно-территориальной единицы является актуальным для любого государства. Поэтому весьма актуально исследование особенности деятельности ревизионных комиссий областей, городов республиканского значения, столицы. В статье рассмотрены история становления ревизионных комиссий как независимого органа внешнего государственного аудита и их современное состояние в системе органов государственного аудита в Республике Казахстан. Цель статьи – изучение становления, особенностей деятельности и современного состояния ревизионных комиссий,



осуществляющих государственный аудит и финансовый контроль над исполнением местного бюджета. Авторами в динамике рассмотрены основные компетенции ревизионных комиссий, выявлены основные причины ограничения полномочий ревизионных комиссий, проведен анализ объемов нарушений, выявленных ревизионными комиссиями за последние годы.

Ключевые слова: ревизионная комиссия, государственный аудит, внешний государственный аудит, аудит эффективности, аудит соответствия, аудит финансовой отчетности.

THE FORMATION AND CURRENT STATE OF AUDIT COMMISSIONS IN THE SYSTEM OF STATE AUDIT BODIES

Б.А.Алибекова^{*1}, В. Ж.Акимова², А.М.Ахметова³

^{1,2,3} Euroasian national university of L.N. Gumilev,
Astana, Kazakhstan

e-mail: alibekova_ba@enu.kz

Summary. Control of the effectiveness of planning and execution of the local budget within the administrative-territorial unit is relevant for any state. Therefore, it is very important to study the peculiarities of the activity of the audit commissions of regions, cities of republican significance, the capital. The article considers the history of the establishment of audit commissions as an independent body of external state audit and their current state in the system of state audit bodies in the Republic of Kazakhstan. The purpose of the article is to study the formation, features of the activities and the current state of the audit commissions that carry out state audit and financial control over the execution of the local budget. The authors in the dynamics considered the main competencies of the audit commissions, identified the main reasons for limiting the powers of the audit commissions, and analyzed the volume of violations identified by the audit commissions in recent years.

Key words: audit commission, state audit, external state audit, performance audit, compliance audit, financial reporting audit.

МРНТИ 06.35.31
УДК 657.631.8

АСПЕКТЫ НАЛОГОВОГО АУДИТА

С.К.Егембердиева¹, А.А. Апышева², К.Ж. Шолпанбаева^{*3}

¹ ТОО «Ай Аудит», г. Алматы, Казахстан

^{2,3} Восточно-Казахстанский Государственный Университет им. С. Аманжолова
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

e-mail: kanshaim.sholpanbaeva@mail.ru

Аннотация. Несмотря на достаточное изучение учеными методики проведения финансового аудита, аспекты осуществления налогового аудита остаются недостаточно изученными. Эффективность налогового планирования, внутренние стандарты, оказание консультационных услуг в области аудита остаются дискуссионными вопросами. Отсутствует разработанная методика проведения налогового аудита. Актуализация требований действующих законодательных актов, их противоречия являются основными причинами допущения нарушений в расчетах по налогам.

Необходимость проведения налогового аудита заключается в том, что искажения налогооблагаемой прибыли, а значит и суммы налога, могут привести к некорректному определению обязательств по налогам и в результате к неправильному расчету с бюджетом.

Влияние системы налогообложения на коэффициент налогового бремени отражает качество действующей налоговой системы. Налогообложение находится на стыке экономических, политических и социальных интересов общества. От рациональности и эффективности распределения налоговой нагрузки между налогоплательщиками зависит развитие экономики государства. Эффективно действующая налоговая система поддерживает потребности государства, изымая значительную часть доходов компаний.

Ключевые слова – налоговый аудит, методика, аудиторское задание, принципы, риски.

Введение. Современный аудит позволяет минимизировать издержки благодаря построению эффективной учетной политики, оптимизации бизнес-процессов подразделения бухгалтерии,



минимизации налоговых выплат. Уровень компетенции и квалификация бухгалтера не являются гарантией отсутствия недостатков, неточностей в ведении бухгалтерского и налогового учета. Причинами возникновения неточностей, операционных ошибок являются неправильное распределение функциональных обязанностей, проблем в информационных системах компании, недостаточном понимании законодательства. Выявляя ошибки, аудитор определяет риски и дает рекомендации по исправлению. Это позволяет увеличить эффективность бизнес-процессов бухгалтерии и предотвратить будущие налоговые штрафы.

Методы – исследование проведено с использованием описательного метода, сравнительного анализа и обобщения. Источниками исследования послужили научные статьи по проблемам налогового аудита. В представленной работе использован опыт проведения налогового аудита в казахстанских компаниях.

Результаты и обсуждение. Рынок аудиторских услуг на сегодняшний день помимо проведения обязательного аудита финансовой отчетности предлагает широкий спектр услуг. Для того чтобы удовлетворять потребности клиента и быть конкурентоспособными, аудиторские компании предлагают такие виды консультирования, как налоговое, управленческое, правовое, а также анализ финансово-хозяйственной деятельности. На сегодняшний день среди заказчиков все большую популярность набирает комплексный налоговый аудит.

Газарян А.В. утверждает, что налоговый аудит есть специальное аудиторское задание, проводимое с целью подтверждения достоверности финансовой и налоговой отчетности компании. Проверяется отчетность в части отражения задолженности перед бюджетом, а также отражения всех существенных обязательств, связанных с неурегулированными вопросами в сфере налогообложения [1].

Другая группа авторов считает, что налоговый аудит проводится с целью установить правильность и полноту применения налогового законодательства. Также проверяется достаточность отражения в отчетности сальдо по расчетам с бюджетом.

Отношения между заказчиком налогового аудита и аудиторской организацией регламентируются договором в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Правом на осуществление налогового аудита обладает аудиторская организация, которая имеет лицензию на осуществление аудиторской деятельности.

В связи с четкой регламентацией Законом «Об аудиторской деятельности» отношений в процессе осуществления аудиторской деятельности, рынок аудиторских услуг в Республике Казахстан находится на стабильном уровне.

Основными принципами, регулирующими проведение задания по налоговому аудиту являются:

- независимость;
- самостоятельность;
- конфиденциальность;
- профессионализм;
- ответственность аудитора.

Под независимостью понимается отсутствие какой-либо заинтересованности аудитора в деятельности аудируемой компании. Недопустимо наличие финансового, имущественного и иных интересов аудитора и аудиторской компании на объекте аудита. Мнение о достоверности финансовой отчетности должно быть непредвзятым и беспристрастным.

Принцип самостоятельности означает, что каждый аудитор использует самостоятельно выбранные приемы и методы проведения проверки. При этом составляется индивидуальный план, программа и методика проведения аудиторского задания.

Аудитор не должен раскрывать без письменного согласия клиента или по решению суда третьим лицам информацию, ставшую ему известной в процессе проведения аудиторского задания. Посредством этого реализуется принцип конфиденциальности.

К проведению аудиторского задания допускается аудитор, обладающий необходимой профессиональной компетенцией, квалификацией, что в итоге означает соблюдение принципа профессионализма.

В условиях договора необходимо оговорить уровень ответственности аудитора за свое заключение о финансовой отчетности объекта аудита. Это есть принцип ответственности аудитора. Ответственность за содержание самой финансовой отчетности несет заказчик [2].

- Дополнительно приводятся следующие принципы организации аудиторской деятельности:
- честность;



- объективность;
- добросовестность;
- профессиональное поведение.

Выделяют следующие основные функции проведения задания по налоговому аудиту:

- подтверждение достоверности информации для заинтересованных внутренних и внешних пользователей;
- предоставление руководству компании информации о допущенных ошибках, имеющихся рисках и рекомендации по их устранению;
- оптимизация системы налогообложения объекта аудита[3].

Влияние системы налогообложения на деятельность компании определяется с помощью расчета налогового бремени.

Брызгалин А.В. называет налоговое бремя налоговым гнетом. Он пишет, что налоговый гнет совокупно отражает роль налогов в деятельности компании. На макроэкономическом уровне налоговый гнет определяется отношением доходов бюджета к валовому национальному продукту [4].

Некоторые авторы применяют понятия налоговая емкость, налоговое бремя, налоговый гнет, налоговый пресс. Черник Д.Г. считает, что налоговая емкость характеризует степень влияния налогов на жизнь общества и государства, она показывает, какую долю в общем объеме производства занимают налоги [5].

Некоторые авторы предлагают расчет налогового бремени с применением способа эффективной ставки. Способ заключается в том, общая сумма налогов делится на добавленную стоимость, созданную организацией. Полученный результат характеризует налоговое бремя с точки зрения целесообразности инвестиций в анализируемую организацию.

Налоговое бремя характеризует воздействие налогов как на экономику государства в целом, так и на отдельные хозяйствующие субъекты. Налоговое бремя является одним из показателей, характеризующих действующую в государстве систему налогообложения. Пансков В.Г. называет этот показатель налоговой нагрузкой и отмечает, что показатель налоговой нагрузки характеризуется серьезным измерителем качества построенной в государстве налоговой системы [6].

Итак, можно выделить два основных уровня, для которых рассчитывается налоговое бремя:

1. макроуровень:
 - государственный уровень;
 - областной уровень;
2. микроуровень:
 - уровень организации, хозяйствующего субъекта;
 - уровень физического лица, индивидуальный уровень.

Целесообразность применения данного показателя заключается в следующем:

1. помощь государству в разработке и совершенствовании налоговой политики;
2. на общегосударственном уровне данные используются для проведения сравнительного анализа налогового пресса в разных странах. Данный анализ позволяет потенциальным инвесторам принять эффективные решения о размещении производства и инвестиций;
3. показатель налогового гнета используется для анализа влияния системы налогообложения на социальную политику государства [7].

Аудиторская деятельность связана с риском. С проведением задания по налоговому аудиту связаны предпринимательский и аудиторский риски. Аудиторский риск включает в себя:

1. внутрихозяйственный риск – вероятность того, что финансовая отчетность подвержена существенным искажениям;
2. риск средств контроля – эффективность системы внутреннего контроля в части возможности обнаруживать и предотвращать ошибки/искажения;
3. риск необнаружения – вероятность того, что аудитор может не обнаружить существенных искажений финансовой отчетности.

Некоторые авторы пишут не о классической трехфакторной, а о четырехфакторной модели аудиторского риска, в которой риск необнаружения ошибок подразделяют на две составные части:

1. риск тестирования оборотов – произведенная выборка может не включить в себя операции с существенными искажениями;
2. риск аналитического обзора – вероятность того, что существенные искажения не будут обнаружены в ходе проведения аудиторского задания, либо эти искажения попадут в поле зрения аудитора, но не будет понятна их сущность и характер [8].



Так как аудиторские процедуры не гарантируют полного выявления существенных искажений, допустимый аудиторский риск составляет 5%.

Выделяют два основных метода определения аудиторского риска:

1. оценочный метод – эмпирический метод, при котором аудитор, полагаясь на опыт и знания, определяет уровень существенности и аудиторского риска как высокий, средний и низкий;
2. расчетный метод при котором производится количественный расчет величины уровня существенности и аудиторского риска [9].

Уровень существенности определяется аудитором на основании профессионального суждения согласно требованиям внутренних нормативных документов, которые регламентируют порядок определения существенности и аудиторского риска.

При планировании аудиторского задания по налоговому аудиту уровень существенности определяется в отношении остатков по счетам 3110, 2810, 4310. Также необходимо учитывать случаи несоблюдения требований учетной политики, недостаточное раскрытие информации о КПП в финансовой отчетности.

При планировании сроков и объема задания по налоговому аудиту во внимание должна приниматься обратная зависимость между существенностью и аудиторским риском. Оценка существенности и аудиторского риска при планировании задания и по окончании проведения проверки может отличаться. В этом случае, необходимо раскрыть информацию о новом значении существенности с обоснованием данного факта.

Существуют следующие две крупные проблемы при определении аудиторского риска:

1. несмотря на компетентность и квалификацию аудитора, его оценка аудиторского, внутрихозяйственного рисков и риска внутреннего контроля не отражают точную реальность;
2. модель аудиторского риска имеет ограниченные возможности использования при оценке, так как является инструментом планирования [10].

В случае если аудитором получено специальное задание по налоговому аудиту, обязательства по КПП подлежат проверке вне зависимости от рассчитанного аудитором уровня существенности.

При подготовке к проведению налогового аудита производится планирование проверки. Планирование включает в себя оценку рисков, определение уровня существенности, анализ учетной политики и составление программы аудита.

Аудитору следует произвести мониторинг внутренних нормативных документов объекта аудита. Далее оценить влияние на прибыль расхождения в ведении бухгалтерского учета и учета в налоговых целях. При мониторинге учетной политики объекта аудита необходимо установить расхождения в определении основания для расчета бухгалтерской прибыли и для целей налогового учета. Расхождения возникают в связи с разницей в оценке и признании активов и обязательств, расходов и доходов, выявление постоянных и временных разниц.

После мониторинга внутренних нормативных документов, в частности, учетной политики, необходимо определить области, наиболее подверженные риску. Такие области необходимо проверить сплошным методом. К подобного рода областям относятся изменения в законодательстве, неоднозначно трактуемые нормы законодательства, операции со связанными сторонами.

На заключительном этапе планирования задания аудитором составляется программа аудиторской проверки. Программа содержит информацию о выборке операций, методах проведения проверки, используемых нормах законодательства и внутренних нормативных документах. Также в программе отражаются сроки проведения проверки с указанием ответственных лиц.

Проведение налогового аудиторского задания заключается в проверке:

- полноты, корректности и обоснованности учета доходов и расходов для целей определения финансового результата;
- полноты, корректности и обоснованности отражения постоянных и временных разниц, налоговых активов и обязательств;
- корректности расчета корпоративного подоходного налога и чистой прибыли.

На заключительном этапе обобщаются результаты проведенной проверки. Следует проанализировать степень выполнения программы. Ошибки классифицируются и отражаются в отчете от наиболее существенных к менее существенным. Также необходимо отразить существующие риски, причины возникновения ошибок, практические рекомендации по устранению последствий выявленных нарушений. На заключительном этапе осуществляется сбор и классификация аудиторских доказательств. Результаты проведенного задания оформляются аудиторским заключением [11].



Аудиторское заключение – отчет, формируемый по результатам налоговой проверки, содержащий мнение аудитора о достоверности финансовой отчетности объекта аудита. Аудиторское заключение предоставляется пользователям отчетности объекта аудита [12].

Роль аудиторов заключается не в осуществлении контроля, а в независимой экспертизе. Основной целью является подтверждение достоверности финансовой отчетности и корректности ведения бухгалтерского учета в соответствии с требованиями законодательства. Задача аудитора заключается не в поиске мелких опечаток/помарок, а в выявлении существенных искажений финансовой отчетности.

Заключение. Целью проведения налогового аудита является подтверждение достоверности информации, отраженной в финансовой и налоговой отчетности. Цель проведения проверки расчетов с бюджетом достигается путем решения следующих задач:

1. соблюдение требований нормативных правовых актов при формировании налогооблагаемой прибыли;
2. корректность оформления первичных бухгалтерских документов, подтверждающих начисление КПП, определяющих вычеты, льготы по налогу и необлагаемые налоговые суммы;
3. корректность и обоснованность учета доходов и расходов;
4. правильность формирования налоговой базы;
5. правильность расчета сумм к уплате в бюджет;
6. правильность учета задолженности перед бюджетом и отражения в отчетности;
7. корректность оформления, согласно требованиям Налогового Кодекса, налоговых деклараций;
8. своевременность, полнота, корректность уплаты начисленного корпоративного подоходного налога.

Список использованной литературы:

1. Газарян А.В. Аудиторская проверка расчетов по налогу на прибыль и добавленную стоимость/ Газарян А.В.// Аудиторские ведомости.- 2003.- №8.- С.63-67
2. Дюсембаев К.Ш. Теория аудита / Дюсембаев К.Ш. Учебник – Алматы, Экономика, 2013. – 861 с.
3. Нурсеитов Э.О., Нурсеитов Д.Э. Главная книга аудитора/ Нурсеитов Э.О., Нурсеитов Д.Э. Учебное пособие -Алматы, Союз Эксперт Инфо, 2011. – 360с.
4. Брызгалин А.В. О функциях налогообложения и регулятивном значении налогов в экономике / Брызгалин А.В.// «Налоги». 2009. Январь.
5. Черник Д. Г., Алексеев М.Ю., Брусиловская Н.А. Налоги/ Черник Д. Г., Алексеев М.Ю., Брусиловская Н.А. Учебное пособие для вузов / Под ред. Д.Г. Черника. – 4-е изд., перераб. и доп. – Москва, Финансы и статистика, 2009. -120 с.
6. Пансков В.Г. Показатель налогового бремени / Пансков В.Г. //Налоговая политика и практика. – 2009. – №3.- 88с.
7. Боброва А.В. О критерии оптимального налогового бремени/ Боброва А.В. // Общество и экономика. 2009.- №2 – 163с.
8. Изотова Л. Аудит обязательный и по собственному желанию/ Изотова Л. //Расчет. 2006. –75 с.
9. Казакова Н.А. Аудит. Теория и практика / Казакова Н.А. Учебник – Москва, Юрайт, 2014. – 400 с.
10. Рогуленко Т.М. Аудит/ Рогуленко Т.М. Учебное пособие – Москва, Издательство Гревцова, 2013. – 272 с.
11. Герасимова Л.Н. Профессиональные ценности и этика бухгалтеров и аудиторов/ – Герасимова Л.Н. Учебник – Москва, Юрайт, 2014. – 318 с.

САЛЫҚ АУДИТІНІҢ АСПЕКТІЛЕРІ

С.К. Егембердиева¹, А.А. Апышева², К.Ж. Шолпанбаева^{*3}

¹«Ай Аудит» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан

^{2,3} С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: kanshaim.sholpanbaeva@mail.ru

Түйін. Мақаланың өзектілігі салық аудитін өткізуге қатысты әдістеменің болмауында. Салықтар бойынша есеп-қисаптағы жіберілген қателіктердің негізгі себептері қолданыстағы заңнамалық актілердің қарама-қайшылықтарынан туындаған. Салық аудитін өткізу қажеттілігі салық салудың кірістерін бұрмалауға байланысты болған, демек салық сомасы да салықтар бойынша міндеттерді қате анықтауға әкеліп соғуы мүмкін, нәтижесінде ол бюджетпен есеп айырысуда да



дұрыс болмай шығады. Ұсынылған мақалада салық аудитінің ұғымы, атқарымдары мен қағидалары қарастырылған, сондай-ақ оның негізіне салық тәуекелі алынған.

Мақалада салық салу жүйесінің компания қызметіне әсер ететіндігіне баса назар аударылған. Ол салық ауыртпалығынан туындайтын есеп айырысу барысында анықталады. Салық ауыртпалығы бюджетпен есеп айырысу кезінде пайда болатын шектеу дәрежесі. Салық ауыртпалығы бюджет алдында міндеттерді орындаумен байланысты қызметтің негізгі түрінен ресурстарды аудару мөлшерін көрсетеді.

Түйінді сөздер: салық аудиті, әдістеме, аудиторлық тапсырма, қағидалар, тәуекел.

ASPECTS OF TAX AUDIT

S.K. Egemberdieva¹, A.A. Apysheva², K.ZH Sholpanbaeva^{*3}

¹Ау Audit", Almaty, Kazakhstan

^{2,3}East Kazakhstan State University. S. Amanzholov, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

e-mail: kanshaim.sholpanbaeva@mail.ru

Summary: The relevance of the article is dictated by the lack of a developed methodology for conducting a tax audit. Contradictions of current legislation are the main reasons for the violation of tax calculations. The need to conduct a tax audit is due to the fact that the distortion of taxable profit, and hence the amount of tax, can lead to an incorrect definition of tax liabilities and, as a result, to an incorrect calculation with the budget. The article presents the concept of tax audit, the functions and principles underlying it, as well as tax risks.

Much attention is paid in the article to the influence of the taxation system on the company's activities. It is determined by calculating the tax burden. Tax burden – the degree of restrictions arising in the calculation of the budget. Tax burden shows the measure of diversion of resources from the main activity in connection with the fulfillment of obligations to the budget.

Key words. tax audit, methodology, audit assignment, principles, risks

МРНТИ 06.35.35

УДК 657.6

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Г.Ж.Жумабекова¹, А.С.Садиева²

¹«Қазақ технология және бизнес университеті, Астана қ, Қазақстан

² «Қаржы академиясы» Акционерлік қоғамы, Астана қ, Қазақстан

e-mail: gaukhar69@mail.ru

Аңдатпа. Осы жұмыста экологиялық аудит механизмдерінің табиғатты қорғау қызметінде пайдалану мәселелері қарастырылады. Аудит меншік құқығын қамтамасыз ету жүйесінің элементі ретінде экономика үшін өте маңызды, өйткені басқарушылық шешім қабылдаумен байланысты ақпараттық және коммерциялық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретін жолдары көрсетілген.

Экологиялық-экономикалық қатынастарды тиімді реттеуге мүмкіндік беретін және экологиялық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа құралдардың біріне экологиялық аудит жатады. Экологиялық аудит кәсіпорынның қоршаған ортаға техногенді әсер етуді төмендету бойынша шараларды зерттейді.

Қаржылық есептердің мәліметтерінің дұрыстығын растау, кәсіпорын қызметінің халықаралық экологиялық стандарт талаптарына сәйкестігін тексеру барысында, аудиторлар экологиялық, экономикалық және әлеуметтік факторлардың өзара байланысы берілген.

Түйінді сөздер: экологиялық аудит; экологиялық-экономикалық қатынастар; Бастамашылық экологиялық аудит; экологиялық нормалар; экологиялық қауіпсіздік.

Кіріспе. Қазіргі заманғы нарықтық қатынастар дәуірі, қоғамның әрі қарай дамуы мен қоршаған табиғи ортаның қалыптасуы арасындағы өзара тәуелділік пен өзара байланысқа негізделген ғаламдық өзгерістер мен қарама-қайшылықтармен сипатталады. Мұндай жағдайларда қазіргі заманғы қоғам мен табиғат арасындағы өзара қатынастар механизмін, басты және елеулі принциптерін қайта қарау



қажеттілігі туындайды. Қоғам мен табиғаттың өзара байланыс саласы үш қатынас тобына бөлінеді: табиғатты пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Экологиялық-экономикалық қатынастарды тиімді реттеуге мүмкіндік беретін және экологиялық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа құралдардың біріне экологиялық аудит жатады. Жалпы алғанда, аудит меншік құқығын қамтамасыз ету жүйесінің элементі ретінде экономика үшін өте маңызды, өйткені басқарушылық шешім қабылдаумен байланысты ақпараттық және коммерциялық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – экологиялық аудит кәсіпорынның қоршаған ортаға техногенді әсер етуді төмендету бойынша шараларды зерттеу.

Экологиялық аудит экологиялық қауіпсіздік жүйесінің, қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде туындайтын қауіптерді азайтудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасында экологиялық аудит саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру табиғатты қорғау органдарының құзіретіне жатады.

Әдебиетке шолу. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында «Экологиялық аудиторлық қызмет туралы» ҚР Заңының жобасы дайындалды, ол басқарушылық, шаруашылық және басқа да қызметтердің қоршаған ортаға, ҚР халқының өмірі мен денсаулығына теріс әсерлерді болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасында экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын қатынастарды реттеу жөніндегі 6 бөлімнен және 28 баптан тұрады.

«Лицензиялау туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі №2200 Қазақстан Республикасы Заңының 9 бабы 2 тамағына және «Қоршаған ортаны қорғау туралы» 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабына сәйкес; «Лицензиялау жүйесін жетілдіру туралы» ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасарында өткен мәжілістің 2003ж. 14 мамырдағы №17-82/9059 хаттамасына; ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 30 қарашадағы №1274 қаулысымен бекітілген ҚР Құқықтық саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 52 тармағына; «ҚР Құқықтық саясатының тұжырымдамасы туралы» 2002 жылғы 20 қыркүйектегі №949 ҚР Президентінің жарлығына; «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын мақұлдау туралы» 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 жарлығына сәйкес, экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялау ережесі бекітілді [1].

Нақты лицензиялау түрін өткізу мақсатында экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялауды жүзеге асыру ел экономикасы артуы кезінде, әсіресе экологиялық қауіпті қызмет нәтижесінде туындайтын өнеркәсіптік апаттардың транснационалдық әсерімен қоршаған ортаның азғындауы мен ластануын тиімді тоқтата тұру үшін қажетті потенциал құруға негізделген.

«Қоршаған ортаны қорғау туралы» ҚР Заңына, «ҚР Құқықтық саясатының тұжырымдамасы туралы» 2002 жылғы 20 қыркүйектегі №949 ҚР Президентінің жарлығына; «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын мақұлдау туралы» 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасында экологиялық аудит өткізу тәртібі туралы ереже бекітілді.

Осы ереже, заңмен бекітілген тәртіппен экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқына лицензия алған барлық жеке экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың қызметіне таралады. Экологиялық аудиттің жекелеген түрлерін өткізу ерекшеліктері ҚР әрекет ететін стандарттармен белгіленеді [2].

Зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасында экологиялық аудит өткізу тәртібі туралы ережеде экоаудиттау ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық және басқа да қызметін тәуелсіз тексеруді жүзеге асыру бойынша қызмет түрі ретінде айқындалған. Мақсаты – олардың қоршаған ортаны қорғаудың нормалары мен ережелерін, экологиялық талаптарды дұрыс сақтауын белгілеу, шаруашылық қызметтің қауіпті түрлерін жүзеге асырушы тұлғалардың технологиялық және табиғатты қорғау жағдықтарының жағдайы туралы ақпаратты бағалау және табиғи ресурстарды пайдалану және ұдайы өндіру бойынша есептілікті дұрыс жасау.

1-суретте көрсетілгендей 2006-2017 ж.ж. мұнай өндірудің ең жоғары шыңы 2013 жылға сәйкес келген, және соңғы үш жылда орта есеппен жылына 4% төмендеп отырған, ол бар кен орындарындағы мұнай өндірісінің физикалық төмендеуіне байланысты болып отыр (1-сурет) [6].



Сурет 1 – Қазақстандағы 2006-2017 ж.ж. мұнай өндіру көлемі
Ескерту – [7] әдебиет көзі бойынша құрастырылған.

2016 жылдың қорытындысы бойынша мұнай өндіру жылына 1 млн тоннаға төмендеп 78 млн. тоннаны құраған. Шикі мұнай ресурстары 2017 жылы 87 млн. тоннаны құрады, оның ішінде 72,9 млн. тонна республикадағы өндіру және 0,02 млн. тонна – импорт құрады. Жалпы көлемнен ішкі нарықта ресурстар тұтынылуы 16,3 млн. тонна және экспортқа жіберілгені 67,8 млн. тонна құрады.

Республиканың мұнай нарығы экспорттық жеткізілім бағытын иеленуді жалғастыруда. Мұнайды жеткізу негізінен Италияға (31,3%), Нидерландыға (13,4%), Швейцарияға (11%) жүзеге асыралады [7].



Сурет 2 – Қазақстандағы 2006-2016 ж.ж. газ өндіру көлемі
Ескерту – [7] әдебиет көзі бойынша құрастырылған.

Ал газға келетін болсақ, ВР есебі бойынша табиғи газдың қоры 1 трлн куб.м, құрайды екен, әлемдік қордың 0.5%, ағымдағы көлемде өндіру газ қорының 75 жылға жетуіне әкеледі. Ең ірі кен орындары қатарына Қашаған (қоры 1 трлн куб.м.), Теңіз (1.8 трлн куб.м.), Қарашығанақ (1.35 трлн куб.м.) жатады. Газ өндіру 2-суретте берілгендей 2016 жылы 46,6 млрд куб.м құраған, өткен жылмен салыстырғанда 1 млн куб.м жуық артқан [9]. Табиғи газды өндіру жылдан-жылға жоғарылап келеді, сөйтсе де 2017 жылы өсу қарқыны төмендегені (38,9 млн куб.м) байқалады (2-сурет).

Өндірілген табиғи газдың барлығы дерлік экспортталады, бірге өндірілген мұнайлы газдың 86% шетелге шығарылады. 2017 жылы табиғи газдың ресурстары меншікті өндірумен 32,4% және ТМД елдерінің газының 16,1% импортымен қамтамасыз етілді. Табиғи газ үлесінің табиғи ресурстардың жалпы көлемінде өсуі үрдісі байқалады. (2012 жылы 19,3% 2017 жылы 26%).

Мұнай-газ нарығының жалпы шаруашылық конъюнктурасын зерттеу бірқатар міндетті бағыттарды қарастыруды қамтиды. Нарық жағдайында жиынтық ұлттық өнім мен жиынтық ұлттық табыс көлемінің елдің жинақталған бюджетіне салықтық табыстың басты жабдықтаушысы ретінде мұнай-газ кешенінің қызметімен байланысын зерттеу аса өзекті болып табылады. Мұнай-газ өнеркәсібі ЖІӨ өсуіне ықпал ететін басты сала болып табылады. Қазіргі таңда ҚР-ы экономикасы осы аталған салаға жоғары деңгейде тәуелді болып отыр. 2014-2016 ж.ж. мұнай бағасының 99 АҚШ долларынан 44 АҚШ долларына дейін төмендеуі осы жылдардағы экономикалық өсудің сәйкесінше 4.1% 1%-ға дейін баяулауына әкеліп соқты. Баға деңгейінің төмендеуі, мұнай мен газ өндіру көлемінің азаюы 2016 жылы бұл сектордың ЖІӨ-гі үлесінің 18%-ға дейін төмендеуіне әкелді

Мұнайды, табиғи газды және мұнай өнімдерін экспорттаудан түсетін валюталық түсімдер үлесі экспорттың жалпы көлемінде соңғы үш жылда төмендеу беталысына ие болып отыр. Валюталық түсімнің бұл төмендеуі сауда балансына кері әсер етеді.

Жыл сайын мұнай-газ саласына салынатын тікелей инвестиция көлемі елге келетін шетелдік инвестицияның жартысына жуығын алады және экономикалық дамудың маңызды факторы болып табылады. Мұнай бағасы жоғары болған 2009-2012 ж.ж. геологиялық барлау және жаңа кен орындарын іздеуге құйылған инвестиция көлемі өндіруге қарағанда анағұрлым жоғары болған. Бірақ, 2012 жылы барлау жұмыстарына инвестиция салу көлемі 25% төмендеген. Инвесторлардың қызығушылығы бар кен орындарында мұнай өндіруге ауып, енді сол бағыттағы инвестиция көлемі жоғарылаған.



1 кесте
2013-2017 ж.ж. өнеркәсіп салалары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн тенге

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017	2017 жылы, %	
						2013	2016
Өнеркәсіп – барлығы	3069814	3508871	3863090	4320396	4769589	155,4	110,4
оның ішінде:							
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1769433	1984974	2296567	2730134	2960272	167,3	108,4
оның ішінде:							
шикі мұнайды және табиғи газды өндіру	1115634	1389826	1782656	1904096	2374467	212,8	124,7
Ескерту – [9] әдебиет көзі бойынша құрастырылған							

2013-2017 ж.ж. өнеркәсіп салалары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін талдау (1-кесте) көрсетіп отырғандай, жалпы өнеркәсіпке салынған инвестиция көлемі 2017 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 55,4% жоғарылаған, соның ішінде шикі мұнайды және табиғи газды өндіруге салынған инвестиция 2017 жылы 2374467 млн тенге құрап, 2013 жылға қарағанда 12,8 % артса, 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы шикі мұнайды және табиғи газды өндіруге салынған инвестиция көлемі 24,7% көбейген. Шикі мұнайды және табиғи газды өндіруге салынған инвестицияның жалпы өнеркәсіпке салынған инвестиция көлеміндегі үлесі 2013 жылы 36,3 % құраса, 2017 жылы 49,7% болған.

Қазіргі таңда шетелдік салымдарды тарту толықтай бұрыннан бар ірі кен орындарын (Теңіз және Қашаған) кеңейту және дамыту жобаларымен байланысты. Теңізді ары қарай дамыту келешегі әрекет етіп тұрған өндіріс қуаттарының өнімділігін сақтап, өндіруді арттыру болып табылады.

Мұнай-газ саласындағы маркетингтік зерттеулердің ажырамас бөлігі монополия және бәсеке деңгейін бағалау болып табылады, оны бағалау көрсеткіштері қатарында нарықта әрекет етуші мұнай-газ компанияларының саны мен мөлшері, олардың нарықтағы үлесі қарастырылады. Мұнай және газ нарығының мөлшері мұнай және мұнай өнімдерін, газды сату көлемімен және нарықта сатушы ретінде болатын кәсіпорындардың саны мен мөлшері арқылы анықталады.

Отандық нарықтағы мұнай-газ компанияларының нарықтағы үлестерін талдайтын болсақ, мұнай және газ конденсатын өндіру бойынша көшбасшы бірлескен қазақстандық-американдық «Тенгизшевройл» ЖШС болып табылады, бұл компания жылына 27,1 млн тонна өндіреді. Екінші орында «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» консорциумы, ол Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында 2017 жылы 12 млн тонна мұнай және конденсат өндірген. Үшінші орында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ы 4,6 млн тонна мұнай өндірген, СП ТОО «Казгермұнай» БК ЖШС – 3,0 млн тонна, «Қаражанбасмұнай» АҚ-ы – 2,1 млн тонна және «ПетроҚазақстан Кумколь Ресорсиз» АҚ – 1,9 млн тонна өндірген. Бүтіндей алғанда аталған компаниялардың Қазақстандағы мұнай және газ конденсатын өндірудің жалпы көлеміндегі үлесі шамамен 87% құрайды.

Кешенді бәсекелестік талдау екі негізгі бағытты қамтиды: әр мұнай және газ компаниясының бәсекелестік позициясын талдау (олардың бірігуі, бірін-бірі жұтуы, даралануы, сонымен қатар нарықтағы ірі компаниялар мен орта және шағын кәсіпорындардың ара-қатынасы үнемі түзетулер енгізіп отырады) және олардың «жеке» бәсекеге қабілеттілігі.

Мұнай-газ нарығының жекелеген сегменттерін талдайтын болсақ, оны мұнайды өткізу сегментінен бастаған жөн. Мұнайды өткізу нарығы құрамы өткен жылдардағыдай 2017 жылы өзгеріссіз қалған: нарықта мұнай өндіруші барлығы 70 субъект бар, мұнайды өткізумен айналысатыны 65 субъект, 3 субъект ішкі нарықта мұнай өткізбейтін болса, 2 субъект өз мұнайымен қазақстандық мұнай өңдеуші зауыттарды жабдықтайды және мұнай өнімдерін өткізеді. Өндірілген мұнайдың негізгі көлемін жер қойнауын пайдаланушылар экспорттайды (77% жуығы), ішкі нарыққа өндірілген мұнайдың 20% өткізіледі [10].

Мұнайды сатудың негізгі көлемі CNPC компаниялар тобына («СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ПетроҚазақстанВенчерсИнк» компаниясының филиалына тиесілі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «CNPC Интернешинал (Бузачи) Инк» корпорациясы филиалы АҚ, «СНПС-Ай Дан Мұнай» АҚ, «ПетроҚазақстан Кұмкөл Ресорсиз» АҚ, «КМК Мұнай» АҚ), «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы («ҚазМұнайТеңіз «МНК» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Ембімұнайгаз» АҚ), «ҚазГерМұнай» БК ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ, қалған жеткізушілердің үлесі шамамен 30% құрайды, оның ішінде әрқайсысының үлесі 5% аспайды.



Мұнайды экспорттау бағасын белгілеу мұнайдың әлемдік бағасына сәйкес, ішкі нарыққа – сатып алушылардың баға ұсыныстарына сәйкес тараптар арасындағы шарттық негізде жүзеге асырылады, әдетте ішкі нарыққа өткізу бағасы мұнайды экспортқа өткізу бағасынан төме болып келеді.

Мұнайды өткізу нарығы бірқатар кіру және жұмыс істеу кедергілерімен сипатталады, олардың негізгілері – жоғары бастапқы салымдар және салынған инвестициялардың өтелімділігінің мерзімінің ұзақ болуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт алуға қиындықтар. Жер қойнауын пайдаланушылар нарыққа кіру кедергілері қатарында келесілерді көрсетеді:

– трансферттік баға белгілеу жөніндегі құжаттардың нақты тізімінің және мұнайды экспортқа өткізумен бірдей ішкі нарықта өткізу бағасын айқындайтын ресми көздердің болмауы;

– магистральдық құбырлар және темір жол арқылы мұнай тасымалдау тарифтерінің жоғары болуы;

– шағын мұнай өндіруші компаниялар үшін жоғары экспорттық кеден баждары мен ренталық салықтар;

– инфрақұрылымның әлсіз дамуын, мұнай терминалдарының шектеулі саны.

Мұнай өңдеу нарығы жоғары шоғырланған болып табылады, мұнай өңдеудің негізгі көлемі «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобына кіретін республиканың үш ірі мұнай өңдеуші зауыттарына келеді: құрамында «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (60 %) және «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (31 %) бар.

Мұнай өнімдерін көтерме (алғашқы) сату нарығын талдау. Мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізу нарығы дамымаған бәсекелестікпен сипатталады, іс жүзінде бір субъектілік құрамнан тұрады.

Үстемдік үлесін есептеу қорытындылары бойынша «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының («Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС) үлесі төмендеп, CNPC компаниялар тобының («PETROSUN» ЖШС, «Петрочайна Интернешнл ҚАЗАҚСТАН» ЖШС, «СНПС АйДанМұнай» АҚ) үлесінің артуы байқалады. «CNPC» тобының барлық мұнай өнімдерін өткізу бойынша үлесі 50% асатын болса, «ҚазМұнайГаз» тобының үлесі 15 % құрап, шекті мәннен төмен болып отыр.

Екінші ретті көтерме нарықты талдау нарықта бәсекенің дамымауымен сипатталатынын көрсетеді. Сонымен қатар мұнай өнімдерінің басым бөлігі тікелей бірінші ретті жабдықтаушылар арқылы бөлшек өткізушілерге сатылады. Сонымен бірге, бұл нарықтың субъектілік құрамы нарық субъектілерінің жиі ауысуымен, олардың арасындағы үлестерінің қайта бөлінуімен сипатталады.

Бүтіндей алғанда мұнай өнімдерінің бөлшек нарығы жергілікті қалалар мен аудандар шекарасында бәсекенің дамымауымен; ірі қалаларда (Астана қаласы, Шымкент қаласы және т.б.) мұнай өнімдерінің бөлшек саудасы орташа шоғырлануымен сипатталады.

Мұнай өнімдерінің бөлшек саудасының негізгі көлемі ЖЖҚС (жанар-жағар май құю стансасы) желілері («ҚазМұнайГазӨнімдері» ЖШС, «Sinooil» ЖШС және «Гелиос» ЖШС) арқылы жүзеге асады.

Осылайша жүргізілген бәсекелестік талдауы нәтижесінде нарық үлесі бойынша 2016-2017 ж.ж. серпіні көрсетілген компаниялардың басым бөлігі үшін кері болғанын, оның шетелдік компаниялар (қытайлық) тарапынан өсіп отырған бәсекеге байланысты орын алып отырғандығын және сонымен бірге «ҚазМұнайГаз» АҚ және оның еншілес компанияларының бәсекелік күшінің нығайғанын көрсетті.

Қорытынды. Сонымен қорыта келе, мұнай-газ саласындағы дағдарыс жағдайларының алдын алу үшін маркетингтік зерттеулер келесідей мүмкіндіктер беретінін айту керек:

а) нарықтың негізгі сипаттамаларын талдау;

б) маркетингтік қоршаған ортадағы іскерлік белсенділіктің беталыстарын зерттеу;

в) өнім өндірудің, баға белгілеудің, өткізудің, жылжытудың саясатын, стратегиясын, тактикасын әзірлеу мүмкіндіктері;

г) тауар өткізудің көлемін ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік болжау мүмкіндіктері.

Осылайша, маркетингтік зерттеулердің, маркетингтің мүмкіндіктерін дағдарыс құбылыстарының алдын алу, тәуекелді төмендету, стратегиялық қателіктерден қашу және стратегиялық даму бағыттарын белгілеуде қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Нефтегазовая отрасль Горнодобывающей Промышленности Республики Казахстан// <http://rfcaratings.kz/> (дата обращения: 15.11.2018)

2 Нефтегазовая отрасль Республики Казахстан// <https://kase.kz/ru/documents/marketreview/> (дата обращения: 15.11.2018)

3 Казахстанский рынок нефти и нефтепродуктов: проблемы и их альтернативные решения// <http://www.investkz.com/journals/26/407.html> (дата обращения: 15.11.2018)



4 Карибаев А.А. Эконометрические методы моделирования планирования и прогнозирования добычи и реализации нефти и газа: научная монография –115 с. [Электронный ресурс]. URL: http://www.ruppravlenie.ru/wp...2017/02/Appendix2_Karibaev4.pdf (дата обращения: 15.11.2018)

5 Э.Арнабекова, М.Темірханов, А.Ибраимова Нефтегазовый сектор в экономике Казахстана// halykfinance.kz/ru/site/index/research/report (дата обращения: 15.11.2018)

6 Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансы, Статистикалық жинақ, 2013-2017, Астана, 2018 (дата обращения: 11.12.2018)

7 Қазақстан 2017 жылы//<http://stat.gov.kz/> / Статистикалық жылнамалығы, Астана. – 2018 (дата обращения: 11.12.2018)

8 Дайджест по газовой промышленности// <http://kidi.gov.kz/analitika/otrasli/mezhotraslevaya-analitika> (дата обращения: 15.11.2018)

9 Промышленность Казахстана и его регионов 2013-2017//Статистический сборник//http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/publicationsCompilations?_afLoop=3226004007758707#%40%3F_afLoop%3D3226004007758707%26_adf.ctrl- (дата обращения: 11.12.2018)

10 А. Гаврилова, Т. Н. Никулина, Т. В. Первицкая, М. В. Шендо Стратегический анализ конкурентных позиции нефтегазовых компании Казахстана// Вестник АГТУ.: сетевой журнал Серия: Экономика, 2017. № 4 URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/strategicheskij-analiz-konkurentnyh-pozitsiy-neftegazovyh-kompaniy-kazahstana> (дата обращения: 15.11.2018)

ПРОВЕДЕНИЕ МАРКЕТИНГОВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ

Ж. Басшиева

Актюбинский региональный государственный университет им К.Жубанова, г. Актобе, Казахстан

e-mail: basshieva1973@mail.ru

Резюме. В статье на основе использования вторичных источников информации в проведении маркетинговых исследований было проанализировано развитие нефтегазовой отрасли Республики Казахстан, отражена роль отрасли в экономике страны. Высокие темпы развития нефтегазовой отрасли в течение десятилетий повысили зависимость экономики от экспорта нефти и показали зависимость от колебаний цен. С 2015 года по настоящее время ухудшение макроэкономических показателей показало слабую сырьевую направленность экономики страны. Из-за снижения цен на нефть и снижения объемов добычи нефти резко снизился рост внутреннего валового продукта и нарушен фискальный баланс, снизились валютные активы Национального фонда. В целом сырьевая зависимость экономики и нестабильность цен на нефть являются важнейшим и главным фактором экономической стабильности Казахстана.

Кроме того, в статье рассмотрены основные направления маркетинговой деятельности нефтегазовых компаний. Представлены особенности и возможности маркетинговой деятельности компании в нефтегазовой отрасли. Определены маркетинговые альтернативы поведения в условиях нестабильной экономики.

Ключевые слова: маркетинг, маркетинговые исследования, маркетинговая стратегия, емкость рынка, доля рынка, конкуренция, нефть, газ, добыча, месторождения, экспорт, импорт

MARKETING RESEARCH OF THE OIL AND GAS INDUSTRY

G.Bassieva

Aktobe regional state University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: basshieva1973@mail.ru

Summary. One of the sources of information in marketing research in the article was the analysis of the development of the oil and gas industry of the Republic of Kazakhstan with the use of initial information, the role of the industry in the economy of the country. High rates of development of the oil and gas industry for decades increased the dependence of the economy on oil exports and showed dependence on its price fluctuations. From 2015 to the present time, the deterioration of macroeconomic indicators showed a weak raw material orientation of the country's economy. Due to lower oil prices and lower oil production volumes, the growth of gross domestic product has sharply decreased and the fiscal balance has been violated, the currency assets of the National Fund have decreased. In General, the raw material dependence of the economy and the instability of oil prices are the most important, the main factor in the economic stability of Kazakhstan.

In addition, the article describes the main directions of marketing activities of oil and gas companies. Features and opportunities of marketing activity of the company in oil and gas industry are presented. Marketing alternatives of behavior in the conditions of unstable economy are defined.

Key words: marketing, Marketing research, marketing strategy, market capacity, market share, competition, oil, gas, production, fields, export, import



МРНТИ 06.81.12
УДК 334.025

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ АДАПТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИЕЙ

*Л.М.Бекенова, Э.Х.Ахатова**

Алматинская Академия Экономики и статистики, г.Алматы, Казахстан

e-mail: eahatova@mail.ru

Аннотация. В статье изложены основные теоретические аспекты адаптивного управления организацией. Для успешного функционирования предприятий в условиях конкурентной борьбы необходим высокий уровень организации его производственно-хозяйственной деятельности, обеспечиваемый системой управления. Поиск принципиально новых форм и методов управления является важнейшим фактором, влияющим на долгосрочное устойчивое развитие организации. Адаптивное управление – это совокупность концепций и методологий, сформированных в различных научных и практических сферах.

Ключевые слова. Адаптивное управление, адаптивный менеджмент, адаптивные системы управления, внешняя и внутренняя среда предприятия, формы управления предприятием

Введение. В условиях нарастающей неопределенности макроэкономической среды перед организациями остро стоит задача по-новому решать проблему выживания и укрепления позиций в конкурентной борьбе. Для успешного функционирования предприятия в этих условиях необходим высокий уровень организации его производственно-хозяйственной деятельности, обеспечиваемый системой управления. Поиск принципиально новых форм и методов управления является важнейшим фактором, влияющим на долгосрочное устойчивое развитие организации.

К научным подходам повышения эффективности функционирования относится концепция адаптивного управления предприятием, в процессе активизации которого закладывается обоснованность решений по достижению гибкости и вариативности организационных систем, соответствующих задачам инновационной стратегии. В основу данного подхода заложен механизм, дающий возможность гибко реагировать на трансформации в рыночной среде и адаптироваться к ним с целью предотвращения кризисных ситуаций.

Учитывая масштабность и частоту изменений, происходящих в мире, возникает необходимость повысить оперативность реагирования на происходящие процессы. Для этого необходимо поощрять оперативное реагирование на изменения и адаптивность [1].

Несмотря на важность решения проблемы реализации адаптивного управления организацией существует ряд проблем теоретического и методического характера, связанные с определением взаимовлияния факторов внешней и внутренней среды предприятия, выбором инструментов, методов адаптивного управления организацией. Поэтому объективно необходим теоретический поиск и разработка основ адаптивного управления организацией.

Методы исследования Эмпирические: наблюдение, сравнение, измерение, получение выводов и их применение в дальнейшей работе. В ходе исследования использованы материалы периодической печати и официальных интернет-ресурсов. Для решения поставленных задач в работе использованы различные методы и приемы, в частности: методы экономического, абстрактно-логического, экспертного анализа.

Результаты и обсуждение. В последнее время в экономической литературе появилось немало публикаций, связанных с применением методов адаптации к управлению предприятием.

Адаптивное управление зародилось в 70-е годы прошлого века. Классическим трудом, заложившим основы адаптивного управления, считается «Экологические системы. Адаптивная оценка и управление» К. С. Холлинга [2]. В 1990-е гг. применение концепции адаптивного управления распространилось на социальные и политические науки, в частности, внимание ученых-экономистов было обращено на влияние социальных и политических процессов на управление устойчивостью развития общества.

Сегодня адаптивное управление – это совокупность концепций и методологий, сформированных в различных научных и практических сферах.

В западной традиции данная экономическая категория по-прежнему понимается как адаптивное управление ресурсами, тогда как в трактовке ученых стран СНГ адаптивный менеджмент



подразумевает принятие эффективных управленческих решений в условиях высокой неопределенности внешней среды целью усиления конкурентоспособности организации.

Таким образом, можно сделать вывод, что адаптивное управление при всей своей значимости представляет собой новое направление теории и практики менеджмента, не имеющее пока всей полноты научной обоснованности.

К основным формам управления относятся командно-распорядительное, функциональное, проектное и процессное управление. Однако в современных рыночных условиях большинство предприятий подвержено воздействию множества негативных факторов риска. Поэтому очевидна необходимость поиска новых подходов к управлению организациями.

В качестве одной из альтернатив управления предприятием можно использовать подход, основанный на применении адаптивных систем управления.

Данный подход представляет собой механизм, дающий возможность гибко реагировать на перемены и адаптироваться к ним с целью предотвращения кризисных ситуаций.

Организационный механизма адаптации должен обеспечиваться специальным инструментарием для выбора наиболее рациональных вариантов адаптации предприятия к изменениям во внешней среде. Обеспечение адаптации должно отвечать следующим требованиям:

- обязательный охват всех уровней управления предприятием, то есть всех субъектов и объектов управления производственных и структурных подразделений предприятия;
- контроль всех этапов адаптации;
- наличие планов технического, экономического и социального развития предприятия и нормативные документы как организационно-нормативной основы организационного механизма адаптации должны являться;
- организационный механизм адаптации должен строиться с учетом существующих пропорций в системе управления предприятием. Это означает, что все виды ресурсов должны распределяться в соответствии со значимостью каждого отдельного элемента системы управления.

Анализ различных научных публикации позволил обобщить принципы, с учетом которых должен строиться этот механизм адаптации.

1. Принцип системности предполагает рассмотрение всех элементов во взаимосвязи, согласование целей, задач и показателей каждого элемента организационного механизма адаптации и подчинение их глобальному критерию – общей цели. Принцип системности при построении и функционировании организационного механизма адаптации обеспечивает целенаправленное и высокоэффективное взаимодействие всех элементов.

Важнейшим требованием такого подхода является однонаправленность целей всех элементов организационного механизма адаптации. При этом цели должны иметь количественное измерение, что позволит оценить их достижение. Если будет продекларирована только цель функционирования, а способы ее достижения не будут организационно и материально обеспечены, то организационный механизм адаптации работать не сможет.

2. Принцип управляемости. Организационный механизм адаптации должен быть управляемым, то есть в нем должны присутствовать управляющая и управляемые части, соединенные прямыми и обратными связями. Их наличие требует иерархии системы управления. Причем подсистема, является управляемой по отношению к старшей в структуре иерархии и управляющей по отношению к младшей.

3. Принцип непрерывности развития означает, что для выполнения задач, стоящих перед организационным механизмом адаптации, содержание выполняемых работ, его техническая, методическая базы должны постоянно совершенствоваться в соответствии с развитием производства, управления, появлением новых технологий и оборудования.

4. Принцип экономичности. Одна из основных целей функционирования организационного механизма адаптации – рационализация затрат на управление, сохранение необходимой для развития предприятия экономической эффективности в условиях неопределенности внешней среды.

5. Принцип обратной связи является универсальным принципом построения систем управления. Сущность его заключается в постоянном контроле результатов адаптации организации к изменениям в окружающей среде. Наличие обратной связи имеет важное значение, поскольку в процессе принятия управленческого решения обязательно возникают различного рода отклонения, что обусловлено динамичностью внешней среды.

6. Принцип моделируемости. Управление адаптацией должно производиться в соответствии с определенной моделью функционирования предприятия, позволяющей прогнозировать во времени его состояние для выбора наилучшей стратегии развития, что обеспечит достижение цели, при



минимальных затратах. Модели включают математические, формализованные логические, семантические зависимости.

Несмотря на важность решения проблемы реализации адаптивного управления организацией, существуют различные и неоднозначные толкования данной категории, некоторые из которых представлены в таблице 1.

Таблица 1

Подходы к определению понятия «адаптивное управление»

Автор	Определение
Друкер П.С.	Создание многоцелевой системы продукции, рынков, технологий, с учетом координации, согласованности в принятии решений, выработки оптимальных оценок возникающих проблем, разработки конкретных действий [3].
Аубакирова Г.М.	Адаптивное управление – это единая упорядоченная совокупность действий, осуществляемых элементами, образующими систему замкнутого управления, представляющую собой иерархию контуров циркуляции и преобразований информации в процессе осуществления концепции управления, оно является целостной функцией, поэтому, изъятие из неё тех или иных этапов делает концепцию неосуществимой, а цели недостижимыми [4].
Борисов А.Б.	Форма управления предприятием, помогающая ему гибко изменяться, быстро приспосабливаться к обновляющимся целям, задачам, функциям предприятий, к переменам во внешней экономической среде, в условиях своей деятельности [5].
Зайцев Н.Л.	Система управления, подстраивающая характеристики в соответствии с измеренными параметрами [6].
Варламов Т.П.	Исследование, изучение среды, подстраивание своей деятельности под запросы среды, внутренних резервов и самой деятельности к запросам потребителей [7].
Тюкин И.Ю., Терехов В.А.	Система, обеспечивающая постоянное управляющее воздействие, направленное на обеспечение адаптации данной системы к изменениям во внешней и внутренней среде без регулирования извне [8].
Кварацхелия Н.	Выбор оптимального достижения стратегической цели, предполагающий неизменность целостных показателей и возможность корректировки текущих, краткосрочных и среднесрочных планов и бюджетов [9].
Зяблицкая Н.В.	Адаптивное управление предприятиями можно отнести по преимуществу к управлению процессами реструктуризации предприятий. Второй содержательной особенностью адаптивного управления предприятиями, помимо его направленности на реструктуризацию, является его антикризисный характер [10].

Заключение. Таким образом, проанализировав различные подходы к понятию, сформулируем определение адаптивного управления.

По нашему мнению, адаптивное управление – это методы и способы реализации модели поведения предприятия в рыночных условиях, предполагающие способность системы управления своевременно изменять параметры и структуру управляемой подсистемы в зависимости от изменения внешней среды.

Анализ подходов к сущности понятий «адаптивное управление» позволил определить, что, несмотря на важность решения проблемы обеспечения адаптивного управления функционированием и развитием организации, единого определения категорий и инструментария пока нет. В экономической литературе можно встретить различные виды и составляющие элементы понятия «адаптивное управление», что говорит в пользу многофакторности и многоплановости, многокритериальности этих экономических категорий.

Обзор литературных источников позволил сделать вывод о том, что адаптивное управление является отдельным видом управления, а именно, гибким, инновационным управлением



предприятиями, способными приспособиться к новой рыночной ситуации с помощью новых инструментов и методов управления.

Список использованных источников:

- 1 Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года. 28 ноября 2017 г.
- 2 Холинг К. С. Экологические системы. Адаптивная оценка и управление. Пер. с англ. Г. А. Денисов; под ред. А. Д. Базыкин. – М.: Мир, 1981. – 397 с.
- 3 Друкер П. Эффективное управление. / П. Друкер: пер. с англ. / П. Друкер – Москва: Фаир-Пресс, 2002.
- 4 Аубакирова Г.М. Становление и развитие адаптивного управления промышленными предприятиями. Вестник КАСУ. №4. – 2009.
- 5 Борисов А.Б. Большой экономический словарь / А.Б. Борисов – Москва: Книжный мир, 2002.
- 6 Зайцев Н.Л. Экономика организации. / Н.Л. Зайцев – Москва: Экзамен, 2004. -311 с.
- 7 Варламов Т.П. и др. Большая экономическая энциклопедия./Т.П. Варламов – Москва: ЭКСМО, 2008.
- 8 Тюкин И.Ю. Адаптация в нелинейных динамических системах./И. Ю. Тюкин, В. А. Терехов. Санкт-Петербург: ЛКИ, 2008.- 384 с.
- 9 Кварацхелия Н. Адаптивное управление: «продвигать» предприятие к цели / Н. Кварацхелия Рациональное управление предприятием. – 2009. – №2.- с.52 -55. 2009 г.
- 10 Зяблицкая Н.В. Адаптивное управление современными компаниями.// Современные проблемы науки и образования. 2012. – № 1.

ҰЙЫМДЫ АДАПТИВТІ БАСҚАРУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Л.М.Бекенова, Э.Х. Ахатова**

Алматы экономика және статистика академиясы, Алматы, Қазақстан

e-mail: eahatova@mail.ru

Түйін. Мақалада ұйымды бейімдеуді басқарудың негізгі теориялық аспектілері сипатталған. Кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті ортада табысты жұмыс істеуі үшін басқару жүйесі ұсынатын өндірістік және шаруашылық қызметтің жоғары деңгейін ұйымдастыру қажет. Ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін іздеу ұйымның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Адаптивті басқару – бұл әртүрлі ғылыми және практикалық салаларда қалыптасқан ұғымдар мен әдістердің үйлесімі.

Түйінді сөздер: Адаптивті басқару, адаптивті менеджмент, адаптивті басқару жүйесі, кәсіпорынның сыртқы және ішкі ортасы, кәсіпорындарды басқару түрлері

THEORETICAL ASPECTS OF ADAPTIVE MANAGEMENT OF THE ORGANIZATION

*L.M.Bekenova, E.Kh. Akhatova**

Almaty Academy of Economics and Statistics, Almaty, Kazakhstan

e-mail: eahatova@mail.ru

Summary. The article outlines the main theoretical aspects of adaptive management of the organization. For the successful functioning of enterprises in a competitive environment requires a high level of organization of its production and economic activity, provided by the management system. The search for fundamentally new forms and methods of management is the most important factor influencing the long-term sustainable development of the organization. Adaptive management is a combination of concepts and methodologies formed in various scientific and practical fields.

Key words: Adaptive management, adaptive management, adaptive management systems, external and internal environment of an enterprise, forms of enterprise management



ҒТАХР 06.35.51
ӘОЖ 339.5

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУДАҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕЛДЕРДІҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

Булент Шен, М.Е. Мунасипова

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан
e-mail: munasipova62@mail.ru*

Аңдатпа. Сауда – бұл кез келген экономиканың ерекше функционалдық секторы, ол барлық өзге салалармен өзара тығыз байланысты, қызметтер мен тауарларды мақсатты тұтынушыларға бүкіл ел көлемінде, сондай-ақ тұтастай алғанда әлем ауқымында жылжытуды қамтамасыз етеді.

Жүйе ретінде және дамыған бизнестің қазіргі заманғы кезеңін ескере отырып, сауданы дамытудың тиімділігі Ұлттық экономика үшін мультипликативтік әсер беруге қабілетті, басқа салаларға, сатуға, логистикаға, маркетингтік шығындарды азайтуға мүмкіндік береді, нәтижесінде бөлік және көтерме сауданы айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Оның ішінде ішкі сауданы дамыту тауарлардың ішкі өндірісінің сапалы өсуіне ықпал етеді. Мақалада жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін кейбір мемлекеттердегі электрондық сауданың даму жағдайы зерттелген және тиімді ұсыныстар жасалынған.

Түйінді сөздер: Электрондық сауда, экономика, нарық, экспорт, импорт, табыс, жаһандану.

Кіріспе. Елдің экономикасының дамуы үшін халықаралық сауда-саттықтың, соның ішінде, алдымен электрондық сауданы өрістетудің пайдасы ұшан-теңіз. Электрондық сауданы дамыту қазіргі жаһандану үдерісінде ұлттық шекаралардан асып халықаралық аренада сауда-саттықты қыздыруда, ақпарат алмасуды жеделдете түсуде сонымен қатар халықаралық экономикалық қатынастарды дамытудың басты тетігіне, перспективалық үрдістерінің біріне айналуға.

Электрондық сауда-саттық бүгінгі таңда экономикалық дамудың тиімді көзі ретінде әлемнің көптеген елдерінің дамуының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуға.

Әлемдік электрондық сауданың өсіп келе жатқан рөлі және оның ел экономикасына әсері арта түскен сайын осы уақытқа дейін бұл салада жинақталған тәжірибені жинақтап сараптамадан өткізуді қажетсінеді. Онсыз электрондық сауда жүйесін сапалы әрі жылдам реттеуді, оны басқаруды жаңартып отыру мүмкін емес.


Зерттеу әдістері. Электрондық сауданың әлемдік тәжірибеде ұйымдастырылуын зерттеу мақсатымен ғылыми мақаланы дайындауда әр түрлі жалпы ғылыми және арнайы таным әдістері (салыстыру, талдау, синтез, индукция, дедукция т.б.) қолданылды.

Талқылау мен нәтижелер. 2014 жылы Kearney AG халықаралық консалтингтік компаниясының бағалауы бойынша электрондық сауданың жаһандық көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 21,0% -ға артып, 839,8 млрд. долларға жеткен. Ал 2017 жылдың соңында электронды сауда нарығы 1506 миллиард долларды құраса, 2014-2017 жылдары аралығындағы өсу динамикасы 1-суретте көрсетілгендей 21,0% -дан 13,0% -ға дейін төмендеп кеткен.

Қытай бүкіл әлем бойынша электронды сауда нарығынан жылына 497 миллиард доллар табыс тауып отыр, оның өсім қарқыны 2017 жылдың аяғында 14 пайызды құраған [1].

Сарапшылардың айтуынша, бұл нарық 2022 жылға қарай \$ 959 млрд. дейін өседі. 2019 жылы әлемдік электрондық сауда табысы- 421 миллиард АҚШ долларына, Еуропада – 330 миллиард АҚШ долларына, 2020 жылдың соңына қарай Еуропа мен АҚШ-та өсім 8-9 пайызға дейін өсуі мүмкін деп күтілуде.


Электрондық сауда-саттықта Қытай мен АҚШ-тан кейінгі үшінші орынды Жапония иеленеді. Оның 2017 жылғы айналымы 96,7 млрд. долларға дейін жетіп, 10%-ға өсті.



Сурет 1 – 2013-2017 жж. әлемдік электрондық сауда нарығының өткізу көлемінің динамикасы [2]

Ұлыбритания нарығы бір жыл ішінде 10%-ға өсіп, 95,1 млрд долларға жеткен, Германияда 11,0%-ға өсіп, 63,4 млрд болған. Әлем елдерінің электронды саудасының көлемі 2-суретте мысалға келтірілген.

Электрондық саудада Қытай мен АҚШ көшбасшы. Сарапшылардың болжамдарына сәйкес, 2018 жылдың соңына қарай Аргентина, Бразилия, Мексика, Италия және Ресей де электрондық саудада алға шығуы мүмкін. Сонымен қатар, 2020 жылға қарай, McKinsey мәліметтері бойынша, 1,4 миллиард адам бүкіл әлемде орта тапқа айналады, ал олардың 85 пайызы Азия-Тынық мұхиты аймағының тұрғындары болмақ, Өйткені осы азаматтар әлемдегі электрондық сауданың негізгі тұтынушысы болып табылады [3].



Сурет 2 – Әлемде электрондық сауда көлемі, млрд.долл. [4]



АҚШ, Еуропа және Қытайда электронды сауда жүйесін басқару ерекшеліктерін қарастырайық.

Қытайда мемлекет индустрияландыру мен ақпараттандыру интеграциясын ынталандырады, қызмет көрсету кәсіпорындары ақпараттандыру жолымен жүреді және электронды саудаға сұраныс күн сайын өсіп келеді. Қытайдағы көптеген дәстүрлі кәсіпорындар электронды сауда саласында өте табысты болды.

Қолда бар ресурстардан өздерінің нарықтық артықшылықтарын пайдаланып, электрондық сауданы арнайы пайдалануды дамытатын ауылдарды ақпараттандыруды сәтті жүзеге асырды.

Бөлшек сектордағы дәстүрлі кәсіпорындар да біртіндеп Интернет-сауданы дамытты, ал ақпараттық құрылымдарға негізделген интернеттегі саудалық операцияларды белсенді жүргізетін басқа да салалар (мысалы, туризм, пошта, сақтандыру және т.б.).


2016 жылдың соңында Қытайда В2С, С2С және басқа электронды сауда модельдерінде жұмыс істейтін кәсіпорындар саны 39155 бірлікке жетті (сурет 3).

Қытайдағы электрондық сауда нарығы үш негізгі сегменттен тұрады:

- корпоративтік сектор (В2В),
- тұтыну секторы (В2С және С2С форматтары);
- үкіметтік (немесе қалалық) сатып алу секторы (В2G).

Қытайдағы электронды сауданың жетістігі нарықтың орталықтандырылған, реттеліп келе жатқандығы және кәсіпорындар мен өндірістердің ақпараттандыру құралдарын тез енгізіп, дамытқандығымен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, елде Интернет-пайдаланушылар саны қарқынды өсіп келеді, төлем әдісі және тәулік бойғы сервиспен жедел жеткізу оңтайландырылған.

Электрондық сауда қызметінің тұрғысынан күн сайын әртүрлі функциялар тәуелсіздікке бөленеді, еңбек бөлінісі бар. Жаңа түрдегі ақпараттық технологиялар жылдам дамып, оны қолдану интернет технологиясымен қатар, «үлкен деректерге» негізделген технологиялармен өрістене түсуде [5].



Сурет 3 – Қытайдың электронды сауда айналымы, триллион юань [6]

Қытай үкіметі мен кәсіпорындары электронды сауданы стратегиялық жаңа биіктікке көтеруге, электрондық сауданың кешенді жүйесін құруға және халықаралық саудада шынайы бәсекелестікті артықшылыққа жету үшін күш салуда.

Дегенмен, Қытайдағы электронды сауданың құқықтық негізі индикативті және жан-жақты болмаса да, қолданыстағы ережелер: жиі ауыстырылады.

Қытайдағы электрондық сауданың бір кемшілігі жалған өнімдерді, өте сапасыз тауарларды сату және зияткерлік меншік құқықтарын бұзу төңірегінде орын алуда.



Сонымен қатар, Қытайда электрондық сауда саласында туындайтын дауларды шешудің тиімді механизмдері әлі жинақталмаған.

Қытай Үкіметі электронды сауданың ел экономикасын дамытудағы маңыздылығын түсініп, Қытайдың барлық аумағында электронды сауда қызметін бақылаудың орталықтандырылған жүйесін жасақтауды қолға алып отыр. Бұл мәселелердің шешімі Қытайдың экономикалық өсуіне ықпал етері сөзсіз.

Ел үшін электронды сауданы дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну, сондай-ақ сауда аумағын кеңейту мақсатында қытайда алты негізгі жүйе құрылған. Олар мыналар: ақпарат алмасу, интеллектуалды логистика, онлайн-қаржылық қызметтер, электрондық сауда үшін кредиттік жүйе және сәтсіздіктерді болдырмау жүйесі, статистикалық қадағалау жүйесі.

Бұл саладағы басты жоба ретінде электронды бизнеске арналған арнайы интеграцияланған онлайн платформаны құру қолға алынуда, ол ақпарат алмасуға, көпжақты талдауға және қадағалауға, құқықтарды бірлесіп қорғауға, логистиканы жетілдіруге, сондай-ақ трансшекаралық электронды сауданы дамытуға бағдарланған. Мұны дамыту үшін жобаны несиелеу процесі дұрыс жолға қойылған [7].

Қытай электрондық сауда мен экономиканы дамыту үшін әр түрлі халықаралық ұйымдармен белсенді түрде ынтымақтастық қарым-қатнас орнатуда.

Әлемдегі электрондық сауда көлемі бойынша екінші орында АҚШ орналасқан. АҚШ-та интернет-сауданы реттейтін заңдардың негізгі жиынтығы XX-ғасырдың басында қалыптасқан. Алайда, Вашингтон 1990-шы жылдардың басында әлемдегі электронды сауданың негізгі басымдықтарын 1997 жылы жарық көрген «Әлемдегі электрондық сауда негіздері» құжаты негізінде дамыта бастады. Бұл құжатта электронды сауданы дамытудың бес негізгі қағидаттары атап көрсетілген, оның ішінде мемлекеттің араласуының төмендігі және жеке бастаманың басымдылығы берілген. Билік желіні пайдаланушыларға нақты ережелер мен өзара әрекеттесу туралы заңдар арнайы көмектесуге міндеттенген. Құрама Штаттардың заңнамалық тәжірибесі елдің федералдық құрылымын ескеруге мәжбүрлі. Өйткені әр түрлі штаттардың юрисдикциясына сәйкес жазылған заңдардың бір-бірінен айырмашылықтары бар. Сондықтан сауда саласында айтарлықтай ауытқушылықтар болуы мүмкін.

Компаниялардың заңды сайттары үш негізгі санатқа бөлінген:

- интерактивті, олар онлайн-сауда және мәмілелер үшін жасалады;
- пассивті, ақпарат беру үшін ғана құрылған;
- алғашқы екі белгілерін біріктіретін орта топ.

Мемлекеттік органдар, бірінші жағдайда, интерактивті сайттардың қызметін реттеуге барлық негізгі құқықтарды алды, ал пассивті сайттарға минималды бақылау берілді.

«Орташа» топ жағдайында соттар даулы мәселелерді жеке-жеке шешеді.

Нәтижесінде, елде және штаттарда бұрыннан бар электронды сауда сайттары үшін юрисдикция нормаларының өте сәтті бейімделуі туындайды.

Елдің юрисдикциясының принципіне сәйкес «қатысу деңгейі» бар компаниялар үшін –бұл принцип электрондық сауданың халықаралық практикасында қолданылады. Теориялық тұрғыдан алғанда, интернет-дүкен басқа мемлекеттің заңдарын қатаң ұстануға ниеттенбеген жағдайда өз қызметін елдің аумағында жүргізе алмайды.

Америка Құрама Штаттарында электронды сауда саласын дамытудың кілті 2000 жылдың аяғында күшіне енді. 1999 жылы Біртұтас электронды транзакция туралы Заң (Uniform Electronic Transactions Act, UETA) және 2000 жылы Электрондық қолтаңба заңы (E-Sign Act) қабылданды, олар 2000 ж. заңды күшіне енді. Осы құжаттардың негізгі ережелері құжаттардағы «цифрлық» қолтаңбаға тең келуден есептеледі. Яғни интернетте жасалған барлық сауда Құрама Штаттардың юрисдикциясына жататын барлық операциялармен дербес мәмілелерге тең келді деп саналады.

Қазіргі уақытта Құрама Штаттардың Федералдық Сауда Комиссиясының (немесе FTC) электронды саудаға бақылау жүргізуге құқылы.

Кәсіпкерлер шағын бизнес әкімшілігінің веб-сайтында (U.S. Small Business Administration) электронды саудаға салық салу және жеке ақпараттың құпиялылығын сақтау туралы заңдардағы өзгерістерді ұстануды қолдайды.

Айталық, Аляска, Орегон, Делавер, Монтана, Гавайи және Нью-Хэмпшир сияқты кейбір штаттар сату салығынан толығымен бастартты, әрі бұл үрдіс электрондық коммерцияның дамуын ынталандырады. Сату салығының болмауы интернет-дүкендерді айтарлықтай бәсекелестік артықшылықтарға ие етуде. Олар өз тауарларын тұтынушыларға төмен бағалармен ұсына алады.

Әлемдік дамыған елдер арасында электронды сауда Англия экономикасына да ең үлкен табыс түсіруде. Оның бірнеше себептері бар, біріншісі – британдық бизнестің инновациялық белсенділігінің



жоғары деңгейі, екіншісі – ұлттық «қаттылыққа» қарамастан, британдық қоғам өте заманауи. Британдықтар электрондық сауданың ыңғайлығын өте тез түсінуде. Қашықтан қызмет көрсету, арзан бағалар, уақытты үнемдеу, сондай-ақ таңдаудың кеңдігі. Елде e-commerce инфрақұрылымын дамыту жақсы дамыған, өйткені үкімет электрондық сауда халықаралық сауданың бәсекеге қабілетті артықшылықтарын қамтамасыз ететіндігін тез түсіне білді. Жеңілдіктер жасап электронды сауданы реттейтін ынталандыру шараларын қабылдады.

ЭБДҰ елдері арасында электрондық сауда-саттықты дамыту тұрғысынан елеулі айырмашылықтар бар. Мәселен, Жаңа Зеландияда ұлттық компаниялардың 45% -дан астамы онлайн-сатылымға белсене қатысады. Ал Италия мен Грецияда, сонымен қатар Түркия мен Мексикада бұл көрсеткіш тек 10% құрайды немесе тіптен төмен. Сондай-ақ шағын компаниялар мен бизнес арасында да айтарлықтай айырмашылық бар.

ЭБДҰ «Digital Economical Outlook 2015» есебінде электрондық саудамен айналысатын 250 және одан да көп қызметкерлері бар кәсіпорындардың үлесі шамамен 40,0%, ал шағын фирмалар үшін бұл көрсеткіш 20,0% аспайды [8].

Осыған қарамастан әлемнің көптеген елдерінде тауарларды (қызметтерді және т.б.) экспортты электронды сауда арналары арқылы сатуға бағытталған саясат ұстануда.

ЭБДҰ-да электрондық сауданың қолданыстағы әлеуетін дамытуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы ірі компаниялармен, олардың жеткізушілерімен немесе клиенттерімен немесе ірі индустриалды ассоциациялармен электрондық серіктестікке шағын және орта бизнесті (ШОБ) енгізуді қамтамасыз ете отырып, интернеттегі стартаптарды белсенді қолдауды білдіреді. Сондай-ақ, ШОБ үшін электрондық сауда стратегияларын қабылдау қажет.

Бұдан басқа, ЭБДҰ елдері қазір электрондық сауда туралы арнайы заңдар қабылдауда. Сонымен қатар, көптеген елдер онлайн сауда-саттықты дамытуды өздерінің ішкі саясатының маңызды басымдығы (мысалы, Ұлыбританияның экспорттық стратегиясы) ретінде көтермелеуде, электрондық саудадағы арнайы делдалдар ретінде онлайн платформалардың рөліне үлкен көңіл бөлуде.

Еуропалық одақта онлайн платформалар цифрлық экономиканың негізгі компоненті ретінде анықталады. Еуропалық Комиссия бүгінгі күні электрондық саудаға сенімділікті арттыру үшін әрі цифрлық нарықтағы бәсекелестік жағдайлардың бұрмаланбауы үшін платформаларды үйлестіре дамытуда.

Бүгінгі таңда е-коммерцияны дамыту туралы ережелер аясы барынша кеңейген. Мысалы, өңірлік сауда келісімдері (ӨСК) Австралияда, Кореяда, Қытайда, Жаңа Зеландияда, Сингапурда және т.б. елдерде қабылданған. Бұл елдердің ӨСК шеңберінде келіссөздер жүргізуіне электронды коммерция арналары арқылы экспорт пен импорттың өсуіне жағдай жасалған.

Келешекте электронды саудадағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында оған қатысушы елдер арасындағы трансшекаралық сауданы белсенді дамыту үшін кедергілерді жоюға және электрондық қағазсыз сауда-саттықты дамытуға бағытталған ережелер жаңартылуы мүмкін.

ӨСК шегінде, атап айтқанда, елдер шет елдердің серверлеріне арнайы сұранысқа ие компанияларға операциялық қолдауды жүктеместен деректерді оқшаулаудың ортақ тәсілдерін қолдану туралы келісімдерге қол жеткізе алады.

Сатылым және сатып алу саласындағы актілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйе тиімділікті, салыстырмалы арзандығын және ең бастысы, төлемдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін электрондық сауда жүйесін тиімді пайдаланудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Бүгінде интернеттегі коммуникацияларды қорғаудың әртүрлі тәсілдері жеткілікті. Ашық кілттердің криптографиясы кеңінен танымал болып келеді. Дегенмен, тиімді ақпараттық қорғау құралдарын енгізу үшін неғұрлым қолайлы болып табылатын жүйе әлі әлсіз. Ақпаратты рұқсатсыз кіруден қорғау үшін АТ секторында ұсынылған нұсқалардың кез-келгеніне сөзсіз артықшылық беру мүмкін емес. Сондықтан, төлемдерді қорғау үшін әрбір нақты жағдай да таңдау мамандарға сеніп тапсырылады.

Қорытынды. Электрондық сауда – саттық жүйесін басқарудың халықаралық тәжірибесін талдай келіп, төмендегідей қорытынды жасауға болады. Электрондық сауда үшін заңдық қолдау өте маңызды. Біріншіден, осы қызмет түрін ұйымдастыру қолданыстағы дәстүрлі құқықтық нормалар мен ережелерге негізделуге тиіс, екіншіден, бұл қызметті ұйымдастыру жаңа мамандандырылған басқару процедураларын және заңды мекемелерді дамытуды қамтуы тиіс. Бұдан басқа, электрондық сауда жүйесін дамыту үшін әлемнің түрлі елдерінде қолданылатын заңдарды унификациялау, сондай-ақ, электронды бизнесті жүргізудің тәртібі мен рәсімдерін жеңілдету өте маңызды. Бұл, өз кезегінде, бизнестің және тиісті мемлекеттік құрылымдардың тек бір елде ғана емес, бүкіл әлемде тығыз ынтымақтастығын арттырады. Оны дамыту үшін теориялық және институционалдық негіздеулермен



қатар мемлекет тарапынан саланы қолдау, замануи ақпараттық технологияларды интенсивті дамыту және тарату қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мировой рынок eCommerce по итогам 2017 года составил \$1,5 трлн [электронный ресурс] – режим доступа: <https://belretail.by/article/mirovoyy-gynok-ecommerce-po-itogam-goda-sostavil-trln>
- 2 Тенденции мировой Интернет-торговли [электронный ресурс] – режим доступа: <http://xn--b1ae2adf4f.xn--p1ai/article/26233-tendentsii-mipovoy-intepnet-topgovli.html>
- 3 Какой станет электронная коммерция в 2018 году и далее? [электронный ресурс] – режим доступа: <https://www.shopolog.ru/metodichka/analytics/kakoy-stanet-elektronnaya-kommerciya-v-2018-godu-i-dalee/>
- 4 Битва за долю [электронный ресурс] – режим доступа: <http://expertonline.kz/a11698/>
- 5 Annual Report on the Electronic Business Market Research of China 2016. China Electronic Business Research Center, 2016.
- 6 Liu Yongfang. International trade and the Electronic Business. Peking: Tsinghua University Press, 2016.
- 7 Трансграничная электронная торговля становится важнейшим двигателем внешней торговли [электронный ресурс] – режим доступа: <http://russian.cri.cn/841/2016/01/15/1s571796.htm>
- 8 Электронная коммерция: стандарты ОЭСР и опыт стран [электронный ресурс] – режим доступа: <https://www.ictsd.org/bridges-news>

ОПЫТ УПРАВЛЕНИЯ СИСТЕМОЙ ЭЛЕКТРОННОЙ ТОРГОВЛИ В ОТДЕЛЬНЫХ СТРАНАХ

Булент Шен, М.Е.Мунасипова Қ.А.

*Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қаласы, Қазақстан
e-mail: munasipova62@mail.ru*

***Резюме.** Торговля – это уникальный функциональный сектор любой экономики, который тесно связан со всеми другими областями, предоставляя услуги и товары для целевых клиентов, как на национальном, так и на международном уровне. Принимая во внимание современный этап развития электронной торговли как бизнеса, эффективность развития электронной торговли будет иметь мультипликативный эффект для национальной экономики. Позволит снизить продажи, логистику и маркетинговые затраты в других секторах, что в конечном итоге приведет к сокращению розничной и оптовой торговли. В частности, развитие внутренней торговли способствует качественному росту отечественного производства товаров. Поэтому в целях достижения этих целей в Республике Казахстан необходимо изучить опыт развития электронной торговли в некоторых странах. В статье был проведен анализ развития электронной торговли в некоторых странах.*

В-третьих, преступники могут использовать ломбарды для легализации (отмывания) преступных доходов или финансирования террористической и экстремистской деятельности, поскольку ломбарды находятся вне поля зрения соответствующих государственных органов.

Наконец, сами ломбарды могут быть замешаны в осуществлении незаконных действий, а руководителем ломбарда может стать лицо, в прошлом осужденное за отмывание денег или привлеченное к ответственности за экономические правонарушения, поскольку требований к руководству ломбардом не имеется.

Таким образом, можно констатировать, что отсутствие учета либо контроля за ломбардами ведет к отрицательным экономическим эффектам: уменьшения налогооблагаемой базы, росту числа неправомερных сделок и др.

В ходе исследования нами были проанализированы Отчеты о взаимных оценках таких стран как США, Италия, Австралия, Австрия, Бельгия, Испания, Норвегия и Украина, в части исполнения ломбардами режима ПОД/ФТ и рекомендаций ФАТФ.

Так, в США ломбарды не имеют обязательств в сфере ПОД/ФТ, несмотря на то, что они осуществляют деятельность, связанную с кредитованием. Исключение составляет лишь обязанность ломбардов направлять отчеты по форме 8300 (отчеты о наличных платежах). В отчетах о взаимной оценке Италии, Австрии, Бельгии, Испании и Норвегии отсутствуют какие-либо упоминания о ломбардах. При этом Австрия, единственная из государств-членов ФАТФ получившая рейтинг «Соответствует» по Рекомендации 26 (Надзор).

В Австралии надзорным органом за деятельностью в сфере кредитования является Австралийская комиссия по ценным бумагам и инвестициям.

Опыт Украины интересен тем, что надзор за ломбардами осуществляет Национальная комиссия по государственному регулированию рынков финансовых услуг, однако последние не имеют полномочий по проверке и пересмотру оценки рисков ОД/ФТ (за исключением банков)[13].

Как показывает международная практика ломбарды в вышеуказанных странах не рассматриваются в качестве самостоятельной организации, соответственно на них распространяются требования равные финансовым организациям. Однако, специфика стран СНГ свидетельствует об обратном, ломбарды являются самостоятельной организацией, требующей должного учета и контроля (Кыргызстан, Россия, Украина).

Заключение. На основании проведенного международного обзора деятельности ломбардов в контексте соблюдения законодательства в сфере ПОД/ФТ полагаем необходимым внесение соответствующих законодательных изменений в сфере регулирования ломбардной деятельности.

- Считаю целесообразным в кратчайшие сроки в Казахстане разработать проект Закона о деятельности ломбардов, в котором необходимо предусмотреть обязанность ломбардов соблюдать требования в сфере ПОД/ФТ.

- Определить государственный орган либо саморегулируемую организацию, которые



были бы уполномочены осуществлять надзор за деятельностью ломбардов, включая сферу ПОД/ФТ, и предусмотреть обязательное членство ломбардов.

- Необходимо внести соответствующие изменения в Закон КР о Госфиннадзоре, добавив полномочия по надзору за ломбардами. Устранение пробела в законодательстве позволит привести в соответствие данный Закон с Законом КР о ПФТД/ЛПД.

Предлагаем на периодической основе проводить учебные мероприятия на базе Учебно-методического центра ГСФР (для Кыргызстана) и образовательных организаций РК (для Казахстана) для представителей ломбардной деятельности, а также сотрудников надзорных органов с целью повышения осведомленности ломбардов и государственных органов о различных типологиях отмывания денег и финансирования терроризма с использованием ломбардов и требованиях законодательства в сфере ПОД/ФТ и Рекомендаций ФАТФ.

Мы считаем, что реализация вышеперечисленных мер позволит повысить эффективность работы подразделений финансовых разведок Казахстана и Кыргызстана, а также заинтересованных органов, участвующих в государственной политике ПОД/ФТ, что в конечном счете даст мультипликативный эффект при проведении взаимной оценки международными экспертами Евразийской группы по ПОД/ФТ и ФАТФ.

Список использованной литературы:

- 1 Послание Главы государства народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни». Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-5-oktyabrya-2018-g, (18.10.18);
- 2 Большая Советская Энциклопедия. – М., 1974. – Т. 15. – С.5;
- 3 Закон КР «О деятельности ломбардов» от 22 июня 2016 года № 87. Режим доступа: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/111366> (23.10.2018);
- 4 Чуйкова Н.М., «Анализ состояния современной системы противодействия легализации доходов в некредитных финансовых организациях», Вестник РЭУ им. Г. В. Плеханова, 2016, № 5 (89) С.109-121. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-sostoyaniya-sovremennoy-sistemy-protivodeystviya-legalizatsii-dohodov-v-nekreditnyh-finansovyh-organizatsiyah> (29.10.2018);
- 5 Едророва В.Н. «Финансовый мониторинг как категория научного исследования», Финансы и кредит 14 (2016) С. 43–57. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/finansovyy-monitoring-kak-kategoriya-nauchnogo-issledovaniya> (29.10.2018);
- 6 Алифанова Е.Н. Евлахова Ю. «Выявление зон уязвимостей к риску отмывания денег на различных секторах финансового рынка» Финансовые исследования № 3 (48) 2015, С. 42-52. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/vyyavlenie-zon-uyazvimostey-k-risku-otmyvaniya-deneg-na-razlichnyh-sektorah-finansovogo-rynka>, (29.10.2018);
- 7 Т. Омурзаков: «Ломбарды – некриминальные учреждения» <https://abctv.kz/ru/news/tursunbek-omurzakov-%C2%ABlombardy-%E2%80%93-ne-kriminalnye-uchrezhdeniya%C2%BB>. Режим доступа: (19.10.2018);
- 8 Закон КР «О противодействии финансированию террористической деятельности и легализации (отмыванию) преступных доходов» от 6 августа 2018 года № 87 <https://fiu.gov.kg/upload/law/82/1534304422.pdf>. Режим доступа: (23.10.2018);
- 9 Реестр выданных лицензий на осуществление ломбардной деятельности http://www.fsa.kg/?page_id=7286. Режим доступа: (23.10.2018);
- 10 Закон КР «Об Адвокатуре Кыргызской Республики и адвокатской деятельности» от 14 июля 2014 года № 135 <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/205356/30?cl=ru-g>. Режим доступа: (30.10.2018);
- 11 Закон КР «Об уполномоченном государственном органе в сфере надзора и регулирования финансового рынка» от 24 июля 2009 года № 249 <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/203198>. Режим доступа: (23.10.2018);
- 12 Отчет взаимной оценки Кыргызстана – 2018 <http://fiu.gov.kg/uploads/5bb71d55027ce.pdf>. Режим доступа: (23.10.2018);
- 13 Официальный сайт МУМЦФМ, Отчеты о взаимных оценках. <https://www.mumcfm.ru/biblioteka/mezdunarodnye-dokumenty/otcety-o-vzaimnyh-ocenkah>. Режим доступа: (28.10.2018).



ЛОМБАРДТАР ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚАРЖЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ: ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ САРАПТАМАСЫ

Б. Ө. Ахметкерей^{*1}, Д.А. Сарбағишев²

^{1,2}Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

e-mail: balken201107@gmail.com

Түйін: Осы мақалада авторлар Қазақстан Республикасында және Қырғыз Республикасында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (КЖ/ТҚК) саласындағы заңнама талаптарына сәйкес ломбардтардың қызметін реттеуге салыстырмалы талдау жүргізуге тырысты. КЖ/ТҚК мақсаттары үшін ломбард операцияларын жан-жақты мониторингілеуден өткізудің негізгі проблемалары анықталды, Қазақстанда ломбард қызметін реттеуге және лицензиялауға ерекше назар аударылды. Авторлар ломбардтардың қызметін бақылау мәселелеріне қатысты бірнеше шешімді ұсынды. Біріншіден, ломбардтар қызметін реттеуге жауапты мемлекеттік органның анықтауы қажет. Екіншіден, бірінші тәсілдің болмайтын жағдайында, қоғамдық ұйымның ломбардтарды орталықтандырылған тіркеуін қамтамасыз ету және ҚЖ/ТҚК саласында бақылаудың өкілеттіктеріне ие болу, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардағы ломбардтардың міндетті мүшелігін қамтамасыз ету қажет.

Түйінді сөздер: ломбардтар, реттеу, ақшаны жылыстату, көлеңкелі экономика, өзара бағалау.

PROBLEMS OF FINANCIAL MONITORING OF PAWNSHOPS: A COMPARATIVE ANALYSIS OF KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN

B.U.Ahmetkerey^{*1}, D.A.Sarbagishev²

^{1,2} Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

e-mail: balken201107@gmail.com

Summary. In this article, the authors attempted to conduct a comparative analysis of the regulation of pawnshop activities in terms of compliance with the law in the sphere of anti-money laundering and combating the financing of terrorism (AML/CFT) in the Republic of Kazakhstan and in the Kyrgyz Republic. The main issues associated with the inability to conduct comprehensive monitoring of pawnshop transactions for AML/CFT purposes were identified, attention was focused on the issues of regulation and licensing of pawnshop activities in Kazakhstan. The authors have proposed several solutions to the problems of monitoring the activities of pawnshops. First, the establishing of a state authority responsible for regulating the activities of pawnshops. Secondly, in the event of insolvency of the first way, it is proposed to maintain a centralized registration of pawnshops by a public organization and vest it with powers of control in the sphere of AML/CFT, while it is necessary to secure the obligatory membership of pawnshops in a public organization.

Key words. pawnshops, regulation, money laundering, shadow economy, mutual evaluation.

ҒТАХР 06.73.65
ӘОЖ 368

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН ЦИФРЛАНДЫРУ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

А.О. Базарбаев

«Нархоз Универсиеті» АҚ, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: assyl00@mail.ru

Аңдатпа. XX-XXI ғасырдың кезіндегі автоматтандырылған және компьютерленген өндіріс әдістерін енгізу нәтижесінде өнімді өндіріу мөлшерінің өсуі, сақтандыру ісін ұйымдастырудағы технологиялық өзгерістерге әкеледі. Сақтандыру тарихында сақтандырудың бірнеше іргелі технологиялық инновациялары болды, оның ішінде қазіргі заманғы сақтандыру бизнесінің негізіне айналған актуарлық есептерді енгізу; жаппай сақтандырудың негізін қалаған сақтандыру агенттерінің еңбектерін пайдалану; сақтандырудың көптеген бизнес-үдерістерін енгізуді жеңілдететін компьютерлерді пайдалану және т.б. Зерттеудің пәні – цифрлық технологиялардың сақтандыру нарығына әсері, оның ішінде сақтандыру қызметін интернеттеу, цифрлау және



дараландыру болып табылады. Жұмыстың мақсаты – цифрлық технологияларды енгізу бойынша қазақстандық және шетелдік сақтандырушылардың тәжірибелік қызметіне негізделген цифрлық сақтандыруды және сақтандыру нарығын цифрландыру үрдісін талдау, оның ішінде жалпы ғылыми тәсілдерді және зерттеу әдістерін қолдану болып табылады. Мақалада цифрлық экономиканың жаңа технологияларын енгізу сақтандыру технологиясына әсер ететіндігі туралы қорытынды жасалды.

Түйінді сөздер: сақтандыру ісі, цифрлы экономика, цифрлы сақтандыру, сақтандыру қызметін цифрландыру, сақтандыру.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер – әрі тарихи сын-қатер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік» – деп атаған [1, ...].

Осыған орай, Д. Ақышев ҚР Парламентінің Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын ұсынды. Ұлттық Банк басшысы атап өткендей, заң жобасында бес негізгі: онлайн-сақтандыруды енгізу; шет елге шығатын қазақстандықтарды сақтандыруға арналған тәсілдерді өзгерту; міндеттелген сақтандыруды енгізу; сақтандыру омбудсманының функцияларын кеңейту арқылы дауларды реттеу тетігін жетілдіру; өмірді сақтандырудың әлеуметтік маңызды түрлері бойынша қосымша кепілдік беру жүйесін кеңейту, – блоктарын бөліп атауға болады [2].

Сақтандыру секторын дамыту жөніндегі іс-әрекеттері қаржы ұйымдарының өздерінің орнықтылығын арттыруға, атап айтқанда, төлем қабілеттілігі бойынша талаптарды күшейту арқылы және соның нәтижесінде, олардың капиталының мөлшерін арттыруға ықпал етті, алайда, соған қарамастан, ел экономикасын дамытуда сектордың маңыздылығын арттыруға, тұтынушыларға қызметтерді ауқымды түрде көрсетуге (заңнамалық тұрғыдан белгіленген міндетті қызметтер түрлерін қоспағанда) септігін тигізген жоқ. Көп жағдайда бұл осы қызметтерді тұтынушылардың төмен сақтандыру мәдениетіне және сауаттылығына, сол сияқты сақтандыру нарығына қатысушылардың өздерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге әзірлігіне байланысты болды [3].

Зерттеу әдістері. Сақтандыру нарығын зерттеуге танудың жалпы зерттеу әдістері тән: анализ, синтез, индукция және дедукция, ұқсастық және модельдеу, абстракция және спецификация, жүйені талдау және форматтау, гипотетикалық және аксиоматикалық әдістер, теорияны дамыту, байқау және эксперимент, зертханалық және далалық зерттеулер. Сақтандыру нарығын зерттеу объективтіліктің қағидаттарын (фактілерді кешенді есепке алу), қолданылатын әдістердің барабарлығын, өлшеудің сабақтастығын, тарихи кезеңділікті және даму перспективаларын (динамикасын) ескере отырып, үдерістерді жүйелі түрде зерделеу арқылы жүргізілді. Сақтандыру нарығын зерттеу – бұл ғылыми зерттеулердің қолданыстағы нысаны. Іргелі зерттеу әдісі сақтандыру теориясын зерттеу үдерісіне байланысты жүзеге асырылады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Цифрлық сақтандыру – бұл цифрлы технологиялар арқылы сақтандыруды қорғаудың дәстүрлі немесе арнайы (цифрлы түрде қалыптастырылған) қажеттілігін қанағаттандыратын әдісі. Бөлінген дерекқорларды және әлеуетті сақтанушылар мен сақтандыру объектілерінің басым көпшілігі туралы қол жетімді ақпаратты пайдалану, сондай-ақ сақтандыру саласындағы технологиялық құрылымның өзгеруін және жаңа сақтандыру қызметтерін қалыптастыруды анықтайды. Цифрлық экономикада сақтандырудың орны мен рөлін анықтау үшін «цифрлық сақтандыру» тұжырымдамасының теориялық негіздемесі қажет, оны екі жағынан қарастыруға болады [1-4].

Біріншіден, цифрлық сақтандыру ұйымдардың және азаматтардың сақтандыру мүдделерінің болуына және оларды цифрлық технологиялар арқылы қанағаттандыруға байланысты экономикалық қатынастардың бір бөлігін қамтуы мүмкін. Басқаша айтқанда, цифрлық сақтандыру – цифрлық технологиялар негізіндегі сақтандыруды қорғауды жүзеге асырудың әдісі болып табылады.

Екіншіден, цифрлық экономиканы қалыптастыру жағдайындағы цифрлық технологиялардың белсенді дамуы жаңа тәуекелдердің себептерін тудырады, соның ішінде 90-шы жылдардан бері белгілі болған киберқауіпсіздіктердің жаңа түсіндірулері [5], сондай-ақ ғылыми зерттеулер барысында туындауы мүмкін басқа да тәуекелдер.

Цифрлық экономикадағы кейбір тәуекелдер сақтандыру тетіктерін пайдалану арқылы азайтылады. Сол себепті, цифрлық сақтандыру – бұл әдеттегі цифрлық экономика жағдайында пайда



болатын кездейсоқ жағымсыз оқиғалардан туындаған және экономикалық қатынастарды жүзеге асырудың материалдық негізі болып табылатын технологиялық жабдықты пайдалану арқылы туындаған сақтандырудың арнайы қорғауындағы сақтанушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру әдісі. Бұған дейін бұл сақтандыру қызметтері электрондық коммерцияны сақтандыру, киберқауіпсіздікті сақтандыру, электрондық және компьютерлік қылмыстарды сақтандыру және т.б. деп аталды, бірақ оларды «цифрлық сақтандыру» термині біріктіре алады [6]. Сақтандыру нарығындағы ұқсас үдерістер қазірдің өзінде орын алды, мысалы, телефонды сақтандыру электронды жабдықты сақтандыруды одан әрі дамыту үшін негіз болды, ол енді дербес сақтандыру өнімі емес, мүлікті сақтандыруға қосымша ретінде қарастырылды.

Қазіргі кезде сақтандыру нарығын цифрландырудың негізгі бағыттары ретінде бірнеше құбылыс қарастырылады, яғни цифрлық экономиканың бұрыннан қалыптасқан терминологиясы шеңберінде сақтандыру қызметін интернеттеу, цифрландыру және жеке даралау, олардың сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1

Сақтандыру нарығын цифрландырудың негізгі бағыттарының сипаттамасы

Бағыттары	Анықтамасы	Цифрлық технологияда қолданылуы	Сақтандырушының артықшылықты аудиториясы
Интернеттеу	Интернетті сақтандыру компаниясындағы бизнес-үдерістерде пайдалану	Жаңа өндіріс технологиялары; сымсыз байланыс технологиясы; Бұлтты технологиялар	Сыртқы – сақтанушылар; ішкі – қызметкерлер, сақтандыру агенттері
Жеке даралау	Сақтанушы мен сақтандыру объектісі туралы ең үлкен деректер жиынтығын алу негізінде жеке сақтандыру ұсынысын әзірлеу (тарифке, тәуекелдерге және басқа жағдайларға байланысты)	Үлкен деректер; жаңа өндіріс технологиялары; сымсыз байланыс технологиясы	Сыртқы – сақтанушылар (оның ішінді әлеуетті)
Цифрландыру	Сақтандырушының бизнес-үдерістерінде цифрлық технологияларды (цифрлау) пайдалану	Жаңа өндіріс технологиялары; сымсыз байланыс технологиясы;	Ішкі –қызметкерлер, сыртқы – сақтанушылар
Ескерту: [7] әдебиет негізінде автормен құрастырылған			

Бір жағынан, цифрлық сақтандыру цифрлы экономика арқылы қалыптасады, ал екінші жағынан сақтандыру институтымен жүзеге асыратын цифрлы технологияларды енгізу арқылы оның құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, сақтандыру компаниялары цифрлы технологияларды пайдалана отырып сақтандыру қызметін жүзеге асырады, біз оны сақтандыру нарығының цифрландыру ретінде анықтаймыз.

Сақтандыру нарығын интернеттеу. Сақтандыру нарығын цифрландыру бағыты ретіндегі интернеттеу сақтандыру компанияларының бизнес-үдерісіндегі Интернетті қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. «Интернет-сақтандыру» түсінігі қазіргі кезде кең таралған, ол тым тар мағынаны ие және Интернет арқылы сақтандыру қызметтерін сатуды білдіреді.

Сақтандыру қызметіндегі Интернеттеу келесі бағыттар бойынша сақтандыру компанияларында жүзеге асырылады:

- Сақтандыру қызмет көрсетулерін интернет-сату;
- Интернет арқылы сақтандыру жағдайларын реттеу;
- Интернет арқылы сақтанушылар туралы ақпарат жинау.

Бірақ бұл процестер тұтастай цифрлық сақтандыруға жатады және сақтандыру бизнесін Интернеттеумен байланысты емес.



Сақтандыру нарығын Интернеттеуді дамытуға ықпал ететін факторлар:

- интернет-пайдаланушылар мен интернеттегі коммерциялық операцияларды жүргізетін тұлғалардың санын арттыру;
- интернет арқылы сақтандырушылар мен сақтанушылардың өзара қарым-қатынасын реттейтін заңнаманың пайда болуы;
- интернет арқылы сақтандыру жағдайларын реттеу және сақтандыру қызметтерін интернет-сатудың жоғары рентабельділігі;
- сақтандыру нарығындағы интернет-сатылымдардың төмен базалық деңгейі;
- сақтандырудағы интернет тұжырымдамасының дамуы;
- сақтандыру қызметтерін дербестендіруге бағытталған сақтандырушылардың «Big Data» технологиясын белсенді пайдалану және олардың ұсыныстары мен шығындарын реттеу.

Үй шаруашылықтары, кәсіпорындар мен мемлекеттің Интернетті пайдалануды кеңейтуі, сақтандыру нарығының жаңа сегменттері, соның ішінде кибертәуекел, интернеттің объектілерін сақтандыру және т.б. пайда болуына әкеледі. Кейінгі жылдардағы үрдістерге сүйенсек, интернет-сатылым тек қана сақтандыру ұйымдарының веб-сайттары арқылы белсенді түрде дамып қоймай, сонымен қатар сақтандырушылардың серіктестерінің веб-сайттарында да (банктер, микроқаржы ұйымдары, интернет-агрегаторлар, туристік агенттіктер және басқа ұйымдар) дамып келеді [8].

Сақтандыру нарығында жаңа технологияларды және сымсыз байланыс технологияларын қолдануға негізделген әрі қарай интернеттеу шығынды реттеу рәсімдерін жасау арқылы, өтініш беру процесінде бюрократиялық процедураларды жою, сондай-ақ сақтандыру жағдайын растау және қолма-қол ақшаны төлеу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Сақтандыру компаниялары сақтандыру полисін сатып алудың әртүрлі сатыларын интернет-сатылымдарына жатқызады. Сақтандыру компаниясының веб-сайтында Интернет арқылы сақтандыру полисін сатып алу үшін сақтанушы келесідей рәсімдерді орындай алады:

- белгілі бір сақтандыру өнімін таңдау (сақтандыру қызметі);
- сақтандыру ережелерімен танысу және осы фактіні заңды негізде растау;
- қажетті құжаттарды ресімдеу (сақтандыруға өтініш, сауалнама және т.б.);
- сақтандыру полисін тіркеу үшін қажетті құжаттарды беру, мысалы автокөлікті тіркеу куәлігінің көшірмесін жіберу және басқалар;
- сақтандыру қызмет көрсетулерінің құнын есептерін алу (калькуляторда немесе андеррайтинг барысында);
- сақтандыру сыйлықақысын төлеу (немесе бірінші сақтандыру жарнасы);
- сақтандыру полисін (сақтандыру шартын) алу;
- сақтандыру шартына өзгерту енгізу;
- сақтандыру жағдайы туралы өтініш беру;
- сақтандыру төлемін алу.

Сақтандыру нарығын интернеттендірудің ең жарқын көрінісі – сақтандыру қызметін Интернет арқылы сату, алайда Интернетті белсенді пайдалану сақтандыру келісімшарттарын жасасу және жүргізу үдерісін беру, сақтандыру компанияларының алыстық Call-орталықтарға және бэк-офистеріне сақтандыру жағдайларын реттеу технологиясына негізделген, бұл бизнес-үдерістерді орталықтандыруға мүмкіндік беретін сақтандырушылар тәжірибесінде көрініс тапқан.

Сақтандыру нарығындағы жеке даралау. Сақтанушы (сақтандырылған) немесе сақтандыру объектісі мысалы, телематика және телемедицина туралы ақпаратты жинауға арналған әр түрлі автоматтандырылған құрылғылар, шартты тәуекелдерді алдын ала бағалау үшін қажетті көрсеткіштердің кеңейтілген тізімін алуға мүмкіндік береді [9, 10]. Сақтандырушы қажетті көрсеткіштерді алғаннан кейін сақтандыру бағдарламасы бойынша жеке жағдай жасай қалыптастыру мүмкіндігіне ие болады.

Тәуекелді бағалауға және сақтандыру ұсынысын даралауға әсер ететін қосымша ақпаратты жинау және талдау үшін әлеуметтік желілерде ақпарат жинау, сауда орталықтарының, әуежайлардың, стадиондардың және метрополитендердің Wi-Fi-орналасуын пайдалануды сақтандырушылар пайдалана алады.

Сақтандыру нарығында жеке дараландырудың негізгі проблемалары:

- жинақталған көрсеткіштердің тәуекелге әсер ету деңгейінің жеткіліксіз дамуы;
- неғұрлым дәл бағалаудың нәтижесінде шамадан тыс тәуекелдікті азайту, таза мөлшерлеменің мөлшерін азайту сақтандырушының сақтандыру келісімшартын жасау шығындарының деңгейінен айтарлықтай төмен;



- сақтандыру келісімшартының тәуекелсіз сипатына жақындау (нөлдік тәуекелден дерлік айырмашылығы жоқ минимальді түрде ұсынылатын тәуекелге асимптотикалық жуықтау шегінде);
- сақтанушы туралы жиналған ақпараты пайдаланудың заңдылығы.

Бұл мәселені хабардар ету сақтандыру тәсілдерін дамытуға септігін тигізді, бұл сақтандыру процесінде коммерциялық сақтандырушының қатысуын елеулі шектеу немесе пайдалануды қарастырмайды. Бұл өзара сақтандыруды дамытудың перспективалары мен Р&Р сақтандырудың пайда болуын, оның шеңберінде біртекті тәуекелдерден сақтандырылған біртекті сақтанушылардың топтарын қалыптастыруды қарастырады. Егер Р&Р сақтандыру үлгісі қолданыстағы сақтандырушылар арасында жүзеге асырылса, онда оңтайлы сақтандыру сыйақысын есептеу және сақтандыру процесін басқару үшін тәлімгерді таңдауға болады. Р&Р сақтандыру қатысушылары арасында моральдық тәуекелді азайту үшін сақтандыру кезеңінің соңында қалыптастырылған сақтандыру қорынан сыйлықақы төленеді. Бұл технология өзара сақтандыруға өте ұқсас, жаңа технологиялық шешімдермен күшейтіледі.

Сақтандыру технологиясын цифрландыру. Сақтандыру нарығындағы цифрландыру – сақтандырушының бизнес-үдерісінде цифрлық технологияларды пайдалануды білдіреді. Осы тұжырымдамамен бірге, «бизнес-үдерістерді цифрландыру» термині де пайдаланылуы мүмкін. Көбінесе, цифрландыру үдерісінде жаңа технологияларды және сымсыз байланыс технологияларын қолдануға болады. Қазіргі уақытта сақтандыру компанияларындағы келесі бизнес-үдерістер сақтандыру компанияларында цифрлық бағалауға жатады: бухгалтерлік есеп және есеп беру, сақтандырудың алдынала тәртіптемесінде сақтанушының тәуекелдерін бағалау, сақтандыру қызметтерін сату және реттеу. Көптеген жағдайларда, сақтандыру компанияларын сақтандыру бизнесін цифрландыруға қызығушылығы блокчейн-технологиясының даму деңгейімен және оларды әр түрлі бизнес-процестерде пайдалану мүмкіндігімен анықталады. Сақтандыру келісімшарттарын жасасу кезеңінде сақтандырушылар смарт-келісімшарттармен (компьютерлік нұсқасындағы «цифрлы» келісімшарттармен) біріктірілген тарату дерекқорларын, оның ішінде басқа сақтандыру қызметтеріне қатысты саясаттарды сату кезінде, сондай-ақ сақтандыру жағдайын реттеу сатысында пайдалана алады.

Цифрландырудың негізгі проблемалары:

- сақтандыру қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді қайта жабдықтауға және қызметкерлерді қайта даярлауға жұмсалатын шығыстардың болуына байланысты цифрлық технологияларды пайдалану ауқымының шектеулілігі мен қиындықтары;
- жеке деректерге қол жеткізуді қоса алғанда, қауіпсіздік;
- сақтандыру компанияларының қызмет көрсету арналарының басқа цифрлық арналармен бәсекелестігі;
- сақтандыру компаниясының ішкі бизнес-үдерістерін қайта құру қажеттілігі;
- білікті мамандардың жеткіліксіз саны.

Қорытынды. Сақтандыру қызметін цифрландыру және цифрлық сақтандырудың пайда болуы сақтандыру нарығындағы бәсекелестіктің өзгеруіне әкеледі. Сақтандыру қызметтерін цифрлық технологияларды пайдаланып таңдаған кезде сақтанушылардың мінез-құлқын өзгерту бірінші кезекте сақтандыру компанияларын сатып алушыны таңдамағаны үшін бәсекеге қабілеттілігін, сонымен қатар пайдаланылған цифрлық технологиядағы қызметтердің ұсыным деңгейіне қатысты арттырады.

Сақтандырушылар цифрлық технологияларды сату арнасы ретінде қолданғанда, арна байқауының ерекшеліктері толығымен көрінеді. Яғни, бәсекелестіктің дәстүрлі моделінің бағалары мен бәсекеге қабілеттілігінің (сыртқы факторларының) факторлары артта қалса, ал сақтандырушының және оның бағдарламаларының ұсыныс деңгейін арттыруға бағытталған бәсекеге қабілеттіліктің ішкі факторлары басым болады.

Сақтандырушылармен бизнес-үдерістерде цифрлық технологияларды қолдану сақтанушылармен, сақтандыру келісімшарттарын жүргізу, шығынды реттеу саласындағы сақтандыру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігінің цифрлық факторларының пайда болуына себеп болады.

Қазақстандағы сақтандыру нарығының дамуы цифрлық экономиканың жаңа технологияларын енгізуге байланысты, бұл сақтандыру технологиясына әсер етеді, бірақ оның экономикалық мәнін өзгертпейді. Сақтандыру қызметіндегі цифрлық технологияларды қолдануда келесідей нәтижеге қол жеткіземіз:

- сақтандыру қызметінің тиімділігі мен кірістілігі арттырылады;
- өзара және коммерциялық сақтандырудың (Р&Р сақтандыру) конвергенциясы жүзеге асырылады;



- сақтандыру қарым-қатынастарын әлеуметтендіру жүзеге асырылады;
- жаңа сақтандыру қызметтері мен өнімдері пайда болады;
- сақтандыру саласындағы еңбек нарығы өзгереді (төменгі және орта деңгейлі мамандарды автоматтандырылған басқару жүйелері мен сақтандыру агенттерінің бір бөлігін роботтармен ауыстырылады).

Сақтандыру нарығын цифрландыруды одан әрі дамыту сақтандыру компанияларының, соның ішінде цифрлы сату арналары арасындағы бәсекелестіктің артуына әкеледі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Василенко Н. В., Линьков А. Я. Цифровая экономика: потребитель vs наемный работник / Цифровая экономика и «Индустрия 4.0»: проблемы и перспективы // Труды научно-практической конференции с международным участием. РГПУ им. А. И. Герцена. 2017. с. 34–40.
- 2 Добрынин А. П., Черных К. Ю. Куприяновский В. П. и др. Цифровая экономика — различные пути к эффективному применению технологий (BIM, PLM, CAD, IOT, Smart City, BIG DATA и другие) // International Journal of Open Information Technologies scholar. 2016. No. 1, vol. 4, pp. 4–10.
- 3 Катасонов В. Цифровая экономика — светлое будущее человечества или биржевой пузырь? // Фонд стратегической культуры. URL: <http://www.fondsk.ru/news/2017/01/08/cifrovaja-ekonomika-svetloebuduschee-chelovechestva-ili-birzhevoj-puzyr-43346.html> (дата обращения: 04.03.2017).
- 4 Юдина Т. Н. Осмысление цифровой экономики // Теоретическая экономика. 2016. № 3. С. 12–16.
- 5 Шепелин Г. И. Современные киберриски и страхование: состояние и перспективы // Страховое дело. 2017. № 9. С. 21–29.
- 6 Цыганов А.А., Грызенкова Ю.В., Быстров А.В. Организация интернет-страхования: учеб. пособие. М.: Изд. центр ГУУ, 2004.
- 7 Цыганов А.А., Брызгалов Д.В. Цифровизация страхового рынка: задачи, проблемы и перспективы // Экономика и управление. 2018. №2. С. 111-120.
- 8 Брызгалов Д.В. Страхование через интернет: собственные и партнерские продажи, показатели, перспективы развития // Корпоративная экономика. 2016. № 2 (6). С. 39–46.
- 9 Болдырев Б. М. Телемедицина в страховании // Страховое дело. 2017. № 6 (291). С. 35–45.
- 10 Якушин А. Б. Страховая телематика и ее роль в развитии рынка добровольного страхования Российской Федерации // Страховое дело. 2016. № 5. С. 25–29.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ СТРАХОВОГО РЫНКА: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

А.О. Базарбаев

АО «Универсиет Нархоз», г. Алматы, Казахстан

e-mail: assy100@mail.ru

Резюме. В статье рассматриваются проблемы и перспективы цифровизации страхового рынка. Проблемы влияния цифровых технологий на страховой рынок, интернетизации, цифровизации и выделения страховых услуг отражены в этой статье. Цель работы — анализ цифрового страхования и процесса цифровизации страхового рынка на основе практической деятельности казахстанских и зарубежных страховщиков по внедрению цифровых технологий, в том числе с применением общенаучных подходов и методов исследования. В статье сделан вывод о том, что внедрение новых технологий цифровой экономики окажет влияние на технологию страхования.

Ключевые слова: страховое дело; цифровая экономика; цифровое страхование; цифровизация страховой деятельности; страхование.

DIGITALIZATION OF THE INSURANCE MARKET: PROBLEMS AND PROSPECTS

A.O. Bazarbayev

Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: assy100@mail.ru

Summary. The subject of the research is the impact of digital technologies on the insurance market, including internetization, digitalization and individualization of insurance activities. The purpose of the work is the analysis of digital insurance and the process of digitization of the insurance market on the basis of the practical work of Kazakhstan and foreign insurers on the introduction of digital technologies, including the use of general scientific approaches and research methods. The article concluded that the introduction of new technologies of the digital economy will have an impact on the insurance technology.

Key words: insurance business; digital economy; digital insurance; digitalization of insurance activities; insurance.



FTAMP 06.73.55
ӘӨЖ. 336.71

ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАНКТІК ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Н.А.Гумар¹, А.М.Сейсенбаева²

*^{1,2}Қаспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: gumnaz@mail.ru*

***Аңдатпа.** Елбасы өзінің Жолдауында: «Әлемде кезекті, Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер – әрі тарихи сын-қатер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік», – деген болатын. Төртінші өнеркәсіптік революцияның бұрынғы дамудан бір ерекшелігі ретінде сандық технологияларды қолдана отырып, банктің қаржылық қызметтерін дамытып, оңтайландыруды алға тартады.*

Аталған жолдауға сәйкес, экономика салаларына әр түрлі міндеттер белгіленді. ҚР Ұлттық банкте банктік проблемаларды шешу және болдырмау, алдын-алу мақсатында әр түрлі іс-шаралар кешені мен бағдарламаларды бекітті. Соның бірі, банктердің қарыз портфелі мен мерзімі кешіктірілген, қайтарылмаған қарыздармен байланысты болып отыр. Мақалада, елбасы жолдауына қатысты банктік сектордан, Ұлттық банктен талап етілетін шаралар мен нәтижелер туралы айтылды.

***Түйінді сөздер:** төртінші өнеркәсіптік революция, банктік сектор, проблемалы несиелер, сандық технология, қаржы хабы.*

Кіріспе. ҚР Президенті Қазақстан халқына кезекті Жолдауында: «Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде», – деген болатын [1, 1б.].

Аталған жолдаудың қабылдануына негіз болған бірнеше маңызды құжаттар мен бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылып жатқаны белгілі, олардың негізгілері:

- «Қазақстан-2050» Стратегиясы (2012 ж. жолдауы);
- Ұлт жоспары – Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы (2015 ж.);
- «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» (2017ж.);
- «Цифрлық Қазақстан» (2017 ж.);
- Қазақстанның 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық жоспары (2017 ж.) және тағы басқалары.

Аталған құжаттардың барлығында да Қазақстанның банк жүйесіне үлкен міндет артылып отыр. Банктердің еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттырудағы орны мен қызметтерін, әр түрлі субъектілердің қаржылық қатынастарын айқындайды.

Әдіснама. Аталған ғылыми-зерттеу жұмысының эмпирикалық мінездемесі бар, ол негізінен тәжірибеге негізделген әлеуметтік-экономикалық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Бұл экономикалық процестерді нақты түрде және шынайы фактілерді жинақтау арқылы бақылау мен қадағалауды жүргізуді көздейді. Әлеуметтік-экономикалық әдістерін пайдаланудың түпкі мақсаты банк жүйесі мен оның қызметін негізгі тұтынушылар тұрғысынан ең тиімді шешім табу.

Талқылаулар және нәтижелер. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырған болса, оның ең бастысы – Жаңа бағыттың экономикалық саясаты деп атап өтілген, жаңа экономикалық саясат – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм деп көрсетілді.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік тұрғысында ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдауда да банктердің маңызы зор. Біріншіден, банк, кәсіпкерлік субъект ретінде болса, екіншіден, кәсіпкерлерді байланыстырушы тұлға ретінде де көріне алады.

Ұлт жоспары – Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы бекітілді, оның 70-72 қадамында қаржы жүйесіне жоғары сенім білдірілген.



Astana EXPO – 2017 инфрақұрылымдары арқауында арнаулы мәртебе бере отырып құрылған – Астана Халықаралық Қаржы Орталығы (AIFC) Дубай халықаралық қаржы орталығының тәжірибесіне негізделген. Мұның ерекшелігі мынада, орталықтың қаржы айналымының үштен екі бөлігін қаржы институттары, қалғанын қызмет көрсету саласы, аудиторлар, заңгерлік кеңестер, мейманханалар және т.с.с. қамтамасыз етеді.

Аталған орталық тек қана қаржылық емес, сонымен қатар, халықаралық арбитраждық орталық болып табылады. Бұл құқықтық қызметтер көрсетіп, сотпен қорғауға мүмкіндік беретін, іскерлік белсенділікті дамытатын орталық болмақ. Болашақта Қазақстанның қаржы хабы әлемнің 20 алдыңғы қатарлы қаржы орталықтарының қатарына енуі тиіс, ол үшін бастапқыда ТМД, сондай-ақ, Батыс және Орталық Азияның барлық өңірлерінің елдері үшін қаржы хабы ретінде танылуы қажет.

Бұл орталықтың даму стратегиясы капитал нарықтарына қызмет көрсету және исламдық қаржыландыру мамандығына сәйкестендіріліп, элиталық қаржы қызметінің жаңа түрлерін, соның ішінде «private banking» активтерді басқару саласындағы қызметтерді дамыту жүктелді. Өйткені, болашақта Қаржы орталығының халықаралық қолжетімділігі қамтамасыз етілуі және Қазақстанның үшінші жаңғыруында айтылғандай, «Астана» халықаралық қаржы орталығы арқылы ел экономикасына қаржы ресурстарын тарта отырып, Қазақстанның шетел инвестицияларын тарту ісіндегі көшбасшылығын сақтап қалуы қажет.

Жоғарыда аталған 100 нақты қадам шеңберінде, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Елбасы жолдауы ұсынылған болатын. Мұнда, бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы.

Оның маңызды кешенді міндеті – цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендету. Банк саласында, бұл міндетті жүзеге асыру мақсатында, көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда, соның ішінде: онлайн-сауда, мобильді банкинг, сандық қызмет көрсету секілді және тағы басқа.

Макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу үшін, Ұлттық банкке ақша-несие саясатының ынталандырушы рөлін қалыпқа келтіру және экономиканы қаржыландыруға жекеменшік капитал тарту жүктелді. Орта мерзім ішінде инфляция деңгейін кезең-кезеңмен 3-4%-ға дейін төмендету және еліміздің қаржы секторын «қайта жаңғырту» қажет.

Ұлттық банкке банк секторын қалыпқа келтіру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу тапсырылды. Банктердің балансын тиімсіз несиелерден арылту жұмысын жеделдетіп, қажет болған жағдайда олардың капиталын акционерлер тарапынан арттыруды қамтамасыз ету қажеттілігі айтылды [2].

Жалпы банк секторы бойынша қарастыратын болсақ, 2017 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасының банк секторын 33 банк құрады.

Банк секторының жиынтық активтері 2017 жылғы 1 қарашаға 24 252,8 млрд. теңгені (төмендеу жыл басынан 5,1%) құрады. Активтердің құрылымында ең көп үлесті несиелер – 51,9%, бағалы қағаздар портфелі – 16,6%, қолма-қол ақша, тазартылған бағалы металдар мен корреспонденттік шоттар – 13,8% иеленді. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар несиелер (NPL) 1 704,3 млрд. теңгені немесе несиелер портфелінің 12,3%-ын құрады [3].

ҚР Ұлттық банктің деректеріне сүйенсек, 2017 жылдың 10 айы ішінде екінші деңгейдегі банктермен ұсынылған несиелердің көлемі төмендегідей (1-кесте).



Кесте 1

Екінші деңгейдегі банктермен экономикаға ұсынылған несиелер, 2017 ж (10 айы)


№	Мерзімдері	Кезең соңында экономикаға берілген несиелер, млн.тенге						
		Барлығы	Валюта түрлері бойынша		Мерзімдері бойынша		Несиелеу субъектілері бойынша	
			Ұлттық валютада	Шетел валюта сында	Қысқа мерзімді	Ұзақ мерзімді	Банктік емес заңды тұлғаларға	Жеке тұлғаларға
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	01.01.17	12 519 878	8 513 173	4 006 704	2 065 902	10 453 976	8 493 989	4 025 889
2	01.02.17	12 354 518	8 575 067	3 779 451	2 089 840	10 264 678	8 344 305	4 010 213
3	01.03.17	12 505 951	8 738 271	3 767 680	2 138 800	10 367 151	8 467 493	4 038 458
4	01.04.17	12 588 862	8 814 411	3 774 451	2 099 444	10 489 417	8 506 071	4 082 791
5	01.05.17	12 606 409	8 903 548	3 702 860	2 047 896	10 558 513	8 475 238	4 131 171
6	01.06.17	12 701 607	9 034 747	3 666 859	2 023 937	10 677 670	8 489 875	4 211 732
7	01.07.17	12 791 926	9 097 180	3 694 747	2 025 677	10 766 249	8 522 221	4 269 705
8	01.08.17	13 035 433	9 252 930	3 782 503	2 072 183	10 963 249	8 655 837	4 379 596
9	01.09.17	13 222 528	9 485 320	3 737 208	2 114 937	11 107 591	8 779 306	4 443 223
10	01.10.17	13 111 668	9 533 780	3 577 888	2 095 851	11 015 816	8 622 841	4 488 827
11	01.11.17	12 938 994	9 439 901	3 499 093	1 878 639	11 060 354	8 386 590	4 552 404

Ескерту: ҚР Ұлттық банктің статистикасы негізінде құрастырылған

1-кесте ден көріп отырғанымыздай, экономикаға берілген несиелердің көлемі өсіп отырған, тек оныншы айда сәл төмендеу байқалады, әдеттегідей ұлттық валютада ұсынылған несиелер көлемі басымырақ. Банк секторының активтерінің басым бөлігін ұсынылған несиелер құрап отыр.

Несие портфелінің сапасын жақсарту бойынша қабылданған шаралар көлеміне қарамастан, банктердің балансында проблемалы қарыздардың жоғары деңгейінің сақталуы банктердің несиелік белсенділігін ұстап тұрған негізгі проблемалардың бірі болып қалуда. Бұл ретте банктер активтерінің нақты сапасы қарыз алушылардың қаржылық жай-күйінің төмен сапасынан, «тұрақты емес» кепілдерді (болашақта түсетін ақша мен мүлік, еншілес компаниялардың сақтандыру полистері, жеке тұлғалардың кепілдіктері және т.б.) пайдалану практикасынан және акционерлердің және олармен байланысты адамдардың бизнесін қайтарымсыз несиелеуден қосымша бағалауды талап етеді.

Несие портфелі бойынша провизиялар 2 231,3 млрд. теңге немесе несие портфелінің 16,1%-ы (2017 жылдың басында – 1 642,9 млрд. теңге немесе 10,6%) мөлшерінде қалыптастырылды (1-сурет).



Сурет 1 – Қазақстанның банк секторы бойынша қарыз портфелі мен мерзімі 90 күннен асқан қарыздардың серпіні



Қорытынды. Банктердің қаржылық-экономикалық жағдайына жоспарлы және оперативті бақылау орнату үшін Ұлттық банкке жеткілікті құқық берілген, алайда Елбасы Ұлттық банктің екінші деңгейдегі банктерге бақылау жасау мүмкіндігін тереңдете түсуді қарастыруды талап етіп қойды, өйткені Ұлттық банк банктердің қателік жіберуін күтпей, оларға ықпал ететін шаралар қабылдау үшін қалыптасқан көзқарастан ықтимал қатерлерге жол бермейтін қадамдарға көшу қажеттілігін атап айтты.

Қазіргі кезде бас реттеуші, банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын іске асырумен байланысты, банктегі проблемаларды түбегейлі және қайталанбайтындай етіп шешуге байланысты іс шараларды жүргізуде[4].

Атап айтқанда, заңнамалық деңгейде проблемалы несиелер нарығының (САБҰ мен ПҚК) жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалды, жұмыс істемейтін активтерді арнайы еншілес ұйымдарға (САБҰ) беру үшін, үмітсіз қарыздарды кешіру, не есептен шығару үшін салықтық жеңілдіктер берілді (бұл жеңілдіктер 2027 жылға дейін қолданылады), жұмыс істемейтін қарыздар бойынша несие портфелінің 10%-ы мөлшерінде тікелей лимиттер белгіленді.

Әдебиеттер тізімі:

1 ҚР Президентінің Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. 2018 ж. қаңтар.

2 Д.Ақышев: «Біздің мақсатымыз – қаржы жүйесін орнықты дамыту». Егемен Қазақстан. 26 желтоқсан 2017 ж. 7 бет

3 ҚР Ұлттық банктің ресми сайты: <http://www.nationalbank.kz>

4 Гумар Н.А., Отаниезова И.Б. Необходимость создания эффективной системы финансового мониторинга в Республике Казахстан. Актуальные вопросы развития экономики и профессионального образования в современном обществе. г.Екатеринбург. Материалы XIV МНПК 29 марта 2017 г. Том 1. с.24-28

НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ БАНКОВ В УСЛОВИЯХ ЧЕТВЕРТОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ РЕВОЛЮЦИИ

Н.А.Гумар*¹, А.М.Сейсенбаева²

^{1, 2}Каспийский общественный университет, г.Алматы, Казахстан

e-mail: gumnaz@mail.ru

Резюме. В послании президента Казахстана Нурсултана Назарбаева «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции», определены десять задач, которые «обеспечат уверенное вхождение в тридцатку развитых стран». В этом послании подчеркивается о проведении четвертой индустриальной революции для вхождения в тридцатку развитых стран. Шестая задача в послании звучит как «перезагрузка финансового сектора».

Статья посвящена изучению и решению проблем банковского сектора и вопросам финансовой перезагрузки.

Ключевые слова: четвертая промышленная революция, банковский сектор, проблемный кредит, цифровые технологий, финансовый хаб.

NEW OPPORTUNITIES FOR BANKING DEVELOPMENT IN FOURTH INDUSTRIAL REVOLUTION

Н.А.Гумар*¹, А.М.Сейсенбаева²

^{1, 2}Каспийский общественный университет, г.Алматы, Казахстан

e-mail: gumnaz@mail.ru

Summary. The message of the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev "New opportunities for development in the conditions of the fourth industrial revolution" defines ten tasks that "will ensure a confident entry into the top thirty developed countries". This message often refers to the fourth industrial revolution to join the top 30 developed countries. The sixth task in the message sounds like a "reset of the financial sector". The remark about the financial sector reset, in particular, the thesis about the need to stop supporting the irresponsibility of Bank owners, and about the punishment if the negative results of improper financial management. This article is devoted to the study of the banking sector problems and the financial reset.

Key words: fourth industrial revolution, banking sector, problem credit, digital technologies, financial hub.



МРНТИ 06.73.15
УДК 336.14

НАЛОГОВЫЕ ПОСТУПЛЕНИЯ КАК ФАКТОР ОБЕСПЕЧЕНИЯ СБАЛАНСИРОВАННОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО БЮДЖЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Г.К.Лухманова¹, А.Е.Беделбаева², Даурембекова М.К.³

*Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова, г. Талдыкорган, Казахстан
e-mail: irada_010109@mail.ru*

Аннотация. В статье рассмотрены проблемы формирования доходов и обеспечения сбалансированности государственного бюджета. Выявлено, что отсутствует бюджетная сбалансированность между суммарной величиной бюджетных поступлений и объемом производимых расходов. Проанализировано состояние государственного бюджета согласно данным Министерства финансов Республики Казахстан. По результатам анализа сформулированы выводы о том, что динамика относительно всех статей бюджета положительна, однако, дефицит государственного бюджета с каждым годом увеличивается. Одним из вариантов обеспечения сбалансированности бюджета предложена разработка бездефицитного бюджета, в котором объем расходов, включая затраты на обслуживание и погашение государственного долга, не превышает величины доходов. Предложены методы обеспечения сбалансированности бюджета путем совершенствования системы бюджетного финансирования, мобилизации дополнительных резервов роста бюджетных доходов, последовательного проведения финансового контроля за целевым, экономным и эффективным расходованием бюджетных средств, оказания финансовой помощи.

Ключевые слова: бюджет, доходы, расходы, сбалансированность, дефицит, поступления, затраты.

Введение. Одной из важных проблем современного этапа развития финансовых отношений в Казахстане является совершенствование формирования доходов государственного бюджета.

Существующие доходные источники нельзя признать достаточными, и это является причиной несбалансированности многих территориальных бюджетов как в Республике Казахстан, так и в других странах СНГ [1, с.21]. Выравнивание бюджетов за счет межбюджетных трансфертов формирует у территориальных органов управления устойчивую зависимость от центральной власти. При этом нарушается связь между формированием доходов бюджета и их объективной основой – валовым внутренним продуктом территории. Возникает необходимость совершенствования процесса укрепления доходной базы бюджетов территорий, повышения роли собственных доходов.

Таким образом, рассматриваемая проблема актуальна, так как от уровня обеспеченности доходами бюджета во многом зависит социально-экономическое положение граждан.

Методы исследования. Исследование проводилось на основе изучения монографий, статей отечественных и зарубежных ученых в области теории бюджета, доходов бюджетов, экономической теории. Использовались законодательные и нормативные документы в области бюджетной политики Республики Казахстан. Исследование основано на применении диалектического, исторического и логического методов познания, а также методов анализа и синтеза, группировки и сравнения. Основной методологический прием проведенного исследования – системный подход, который позволяет комплексно и в полной мере подойти к решению поставленных задач. Также применялись методы экономического и статистического анализа.

